

Г. И. Уайсова, Г. Т. Сәдуақас, А. С. Бесірова

# АНА ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің  
1-сыныбына арналған оқулық

1

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2021

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз я 71  
У 12

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және гылым министрлігі бекіткен  
Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Ана тілі» пәнінің  
үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

### Шартты белгілер:



– жаңа сабак



– айт, құра



– тыңда



– оқы



– жаз



– ойлан, тап



– сөздік



– ереже



– Есінде сақта!

### Уайсова Г. И. т.б.

У 12 **Ана тілі. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған**  
оқулық /Уайсова Г. И., Сәдуақас Г. Т., Бесирова А. С. – Алматы:  
Атамұра, 2021. – 144 бет.

ISBN 978-601-331-993-3

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз я 71

ISBN 978-601-331-993-3

© Уайсова Г. И., Сәдуақас Г. Т.,  
Бесирова А. С., 2021  
© «Атамұра», 2021

## ҚЫМБАТТЫ ОҚУШЫ!

Сен «Ана тілі» оқулығын ашып отырсың. Бұл оқулық саған көркем шығармалар мен тілдік мағлұматтарды таныстырады.

Оқулықта берілген жаттығулар мен тапсырмаларды мүқият орында. Сонда оқуға, жазуға және дұрыс сөйлеуге үйренесің. Өз ойынды еркін жеткізе аласың. Бұл өте маңызды.

Ең әдемі, мәнерлі, бай тіл – сенің ана тілің.

Ана тілі әлеміне қош келдің!

Ана тілін игерудегі қадамыңа сәттілік тілейміз!

Оқулық авторлары



## ТІЛ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ



тыңдалым



айтылым



оқылым



жазылым

ана тілі  
тіл және сөйлеу  
сөз  
аудиша сөйлеу


- Сөйлеудің не үшін қажет екенін;
  - ана тілі туралы білетін боласың.
  - Ана тілінде оқып, жазуды үйренесің.



## Сөйлеу не үшін қажет?



**1-жаттығу.** Суретке қара. Оқы.



Жер бетінде алуан түрлі тіршілік иелері бар. Солардың ішінде адам ғана сөйлей алады. Сөйлеу адамдардың бір-бірімен түсінісуі үшін қажет.

- Сөйлеу не үшін керек?



Біздің сөйлеуіміз: тыңдау, айту, оқу және жазудан тұрады.



**2-жаттығу.** Өлеңді түсініп оқы.

Әр нәрсенің мәні бар,  
Әркімнің өз әні бар.  
Әз тілінде сөйлейді  
Жердегі жан-жануар.

Бүркіт, барыс, қасқыр да  
Дауысынан танылар.  
Ана тілін білгеннің  
Маңдайының бағы бар.

*Несілбек Айтұлы*

- Өз *тілінде сөйлейді* дегенді қалай түсінесің?
- Жан-жануарлар сөйлей ала ма?



**3-жаттығу.** Көркем жаз.

Дүшінен / ананың

Үйрен ана тілінді.



**4-жаттығу.** Сәйкестендір.

Қарқылдайтын не?



Қаңқылдайтын не?



Шиқылдайтын не?



Ұрылдайтын не?



**Сөйлеу не үшін қажет?**



**1-жаттығу.** Өлеңді оқы.

### Ана тілі

Ақыл-ойын дананың  
Ана тілден аламын.  
Ана тілім ардақты,  
Ақ сүтіндей анамның.

Өсірген ой-білімді,  
Сүйем туған тілімді.  
Мақсат етем әр сөздің  
Мәнін терең білуді.

Әдібай Табылды



**Дана** – ақылды, данышпан.

- Өлеңде не туралы айтылған?
- Ана тілім ардақты дегенді қалай түсінесің?



**2-жаттығу.** Балалардың қолындағы әріптерден қандай сөз құрауға болатынын айт.



- Өз ана тілің туралы әңгімелे.



**3-жаттығу.** Мақалды көшіріп жаз.

Тілге құрмет – елге құрмет.



**4-жаттығу.** Суреттерді ретімен қойып әңгімеле.



## ДЫБЫС ЖӘНЕ ӘРІП

42

әріп

а, ә, е, ү, Ү,  
и, о, ө, ы, і,

у

б, г, ғ, д, ж, з,  
й, к, қ, л, м, н,  
ң, п, р, с, т, х,  
һ, ш, щ

я, ю, ё, ә

в, ф, ц, ч

ъ, ѣ

- Дыбыс және әріп туралы;
- дыбыстардың дауысты және дауыссыз болатынын;
- дауысты дыбыстардың жуан және жінішке болатынын білетін боласың.
- Дыбыс түрлерін ажыратуды үйренесің.



## Дыбыстар мен әріптер



**1-жаттығу.** Суретке қара. Айналамыздан қандай дыбыстарды естуге болатынын айт.



**2-жаттығу.** Мәтінді тында.

### Дыбыстар

Қоршаған ортада түрлі дыбыстар естіледі. Судың сылдырын, құстың сайрағанын, ұшақтың ғүрілін естіміз. Ал тіл дыбыстары бұл дыбыстардан өзгеше. Тіл дыбыстары арқылы сөйлейміз. Ойымызды жеткіземіз.

- Тіл дыбыстарының басқа дыбыстардан өзгешелігі неде?
- *Sу, тіл, құс* сөздеріндегі дыбыстардың орнын ауыстырып айтып көрейік. Сөз мағынасын түсіндің бе?

Сөз дыбыстар құралады. Дыбыстарды айтамыз, естиміз. Дыбыстар жазуда әріппен таңбаланады. Әріптерді көреміз, жазамыз.



**3-жаттығу.** Сөздерді көшіріп жаз.

Ай, ине, бота, лақ, торғай, қарға, қарбыз, мектеп, көше, ауыл, қала.

- Сөздер неден құралған? Берілген сөздерде неше әріп, неше дыбыс бар?



## Дыбыстар мен әріптер



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

### Алғашқы қар

Алақай, қар жауды!  
Сырғанақ тебеміз.  
Білмейді шаршауды  
Шыныққан денеміз.

Шығамыз далаға,  
Соғамыз аққала.  
Мінеміз шанаға,  
Күлеміз шаттана.  
*Дәркембай Шоқпарұлы*

- Өлең не туралы?
- *Қар, сырғанақ* сөздерінде неше дыбыс, неше әріп бар?



**2-жаттығу.** Сөздерді көшіріп жаз.

Қар – жар – тар, қыс – қас – қос, топ – доп.

- Сөздердің мағынасы неліктен өзгерді деп ойлайсың?



**3-жаттығу.** Бос орындарға дауысты дыбыстарды қойып, сөздер құрап айт.

Г \_\_ л

\_\_ лм \_\_

\_\_ м \_\_ н

д \_\_ п

\_\_ рб \_\_

\_\_ р \_\_ к

б \_\_ с

\_\_ лш \_\_

\_\_ с \_\_ м



## Дыбыстар мен әріптер



**1-жаттығу.** Суретке қара. Мәтінді түсініп оқы.



Көрім сырғанаққа келді. Қарап тұрса, өзінен кіші ешкім жоқ сияқты. Ол тәбешік басына көтеріле бастады. Жол тайғақ екен. Мұны байқаған бір бала оны жоғары жетеледі. Тәбеге алып шықты.

– Енді шанаңа отыр да, зымырай бер! – деді.

Көрім жүрексініп біраз тұрып қалды. Сәлден соң шанасымен тәмен қарай заулай жөнелді.

*Ермек Өттепілеуұлы*

- Көрімнің сырғанаққа келгені туралы бөлікті тауып оқы.
- Балалардың қысқы ойыны туралы әңгімелे.



**2-жаттығу.** Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.

Балалар, тепті, сырғанақ. Киінді, олар, жылы.



**3-жаттығу.** Әріптерден қыс айларының аттарын құра. Оларды ретімен ата.

ҚАПАН – \_\_\_\_\_ ТОҚЖЕЛСАН – \_\_\_\_\_  
РАТНАҚ – \_\_\_\_\_



## 6 Дауысты және дауыссыз дыбыстар



**1-жаттығу.** Мәтінді оқы.

### Соқпақ

Әкесі мен баласы мектепке келе жатты. Қараппақ.

Бала анадай жердегі қалың қарға қарай жүрді.

– Жолдан шығып, қалың қарды бекер омбыладың-ау, – деді әкесі.

Түстен кейін әкесі мектепке тағы келді.

Қайтар жолда бала өзінің ізін іздеді. Ізі жоқ. Өйткені бала жүрген жолмен біраз адам жүріпті. Соқпақ жасалыпты. Бұны байқаған әкесі баласына сүйсіне қарады.

Жақсылық Кенжалиев

- Мәтін не туралы?
- Бала не істеді?
- Бала жүрген іздің басқаларға пайдасы тиді ме?
- **Мектеп, бала** сөздеріндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ата.

Дауысты дыбыстар: **а, ә, е, о, ө, ү, ү, ы, і, и, (у).**

Дауыссыз дыбыстар: **б, в, ғ, ғ, д, ж, ӡ, й, к, қ, л,**  
**м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ.**



**2-жаттығу.** Жаңылтпашты көркем жаз.

*Қар аппақ.*

*Дала аппақ –*

*Бәрі аппақ.*



**3-жаттығу.** Сурет бойынша мәтін құра.



## Дауысты және дауыссыз дыбыстар



**1-жаттығу.** Мәтінді мәнерлеп оқы.

### Қыс

Өзенді, көлді мұз жапты. Қалың қардан шөптің  
басы көрінбейді. Орман ішінен құстарды көре

алмайсың. Қоян күндіз жасырынады. Тұнде ғана жас ағаштарды кеміріп жүр.

Қыстығұні үй хайуанаттарына да бапсыз. Иелері жылы қораға шөп салып, бағып-қағады. Адамның өзі де суықтан қорғанады. Үйіне от жағады. Жылы киім киеді.

*Міржақыл Дулатов*



### Бапсыз – жайсыз, қолайсыз.

- Қыста орманда, өзен, көлде қандай өзгеріс болады? Оның себебі неде деп ойлайсың?
- Басқа аңдар туралы не білесің?




**2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөздерді көшіріп жаз.

Өз...н, күнд...з, қыстығұн..., к...ім.

- Сөздердегі дыбыстардың қайсысы дауысты, қайсысы дауыссыз екенін айт.



**3-жаттығу.** Сурет бойынша сөзжұмбақты шеш.





8

## Дауысты және дауыссыз дыбыстар



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Қыс мезгілі

Қыс – жыл мезгілдерінің бірі. Қыста тамшылар тажайып күйге енеді. Әдемі қар қырышығына айналады.

Олардың әрқайсысы әртүрлі. Бір-біріне мұлде үқсамайды, пішіндері ерекше.

*«Дүниетану» анықтамалығынан*

- Қыс мезгілінің өзгешелігі неде?
- Қар қырышықтары бір-біріне үқсай ма?



**2-жаттығу.** Сурет бойынша мәтін құра.



**3-жаттығу.** Өлеңді көшіріп жаз.

Күзде шәбі жұтаған  
Қыр көмілді ақ қарға.

Майыстырып бұтағын,  
Ақ тон киді бақтар да.

Әнуарбек Дүйсенбиев

- Дауысты дыбыстардың астын сыз.



## Дауысты және дауыссыз дыбыстар



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

### Қыста

Жер ақ қарға оранды,  
Күн аязды, боранды.  
Жылы жақтан келген құс  
Жылы жаққа оралды.

Мұрнымыз қызыарып,  
Құлақтарды үсітті.  
Қысқа тұндер ұзарып,  
Кидік тон мен ішікті.

Ескен Елубай



**Үсітті** – сүйкітан қатты тоңып домбығу.

- Неліктен қыста тұн ұзарып, күн қысқарады?
- Қыс несімен қызықты?



**2-жаттығу.** Өлеңді көшіріп жаз.

Далада **қар** борайды,  
Ақ мамыққа орайды.  
**Мұз** болады, қатады,  
Жып-жылтыр бол жатады.

Асқар Тоқмағамбетов

- Қарамен берілген сөздердегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырат.



### 3-жаттығу. Суреттер бойынша мәтін құра.



*Тірек сөздер: мал, қора, суару, жем беру, қар күреу.*



### Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

#### Балақайлар әні

Ардақтаймыз атаны,  
Аялаймыз әжені.  
Атам қандай ақылды,  
Әжем қандай әдемі!

Атам, атам, ататай,  
Ойнақтайды бота, тай.  
Әжем, әжем, әжетай,  
Шүпірлейді шөжетай.

*Баянғали Әлімжанов*



**Шүпірлейді** – бір жерге көп болып жиналу.

- Өлеңде кімдер туралы айтылған?
- *Aта, әже, бота* сөздеріндегі дауысты дыбыстарды ата. Олардың жуан немесе жінішке екенін айт.

### Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ү, ы.




**2-жаттығу.** Көркем жаз. Сөздердегі дауысты дыбыстар жуан ба, жінішке ме?

*Атамар соғи -  
Ақылдың көзі.*



**3-жаттығу.** Берілген әріптерден бірнеше сөз жаса.



- Сөздердегі дауысты дыбыстардың жуан немесе жінішке екенін айт.



### Жуан және жінішке дауысты дыбыстар



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

#### Әже

Мейірімі жібектей,  
Күндей ыстық құшағы,  
Ет жүрегі елжіреп,  
Құлныым деп құшады.

Жан жуытпай маңына  
Ас сақтайды кәрі әжем.  
«Бес» ап келсем, алдында  
Биіктейді дәрежем.

Сырбай Мәуленов

- Әжениң құшағын неліктен Күнге теңеген?
- Өлеңдегі сөздерден жіңішке дауысты дыбыстарды тап.

**Жіңішке дауысты дыбыстар:** ə, е, ө, γ, і.



**2-жаттығу.** Нұктелердің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жаз.



К...к



б...т



к....к

- Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.



**3-жаттығу.** Жаңылтпашты тыңда.

Әсел ән салды,  
Әжесі тамсанды.  
Әсет аң салды,  
Атасы тамсанды.

- Қай сөздерде жіңішке дауысты дыбыстар бар?



## Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Бәрінен де жақсы



Бір кішкене қыз көшеде анасынан адасып қалыпты. Ол анын іздеп, бақырып жылапты. Оны көрген адамдар жұбата бастады.

– Сен жылама! Біз сені қазір анаңа алып барамыз. Сенің анаң қандай еді? – деп сұрапты.

Сонда қыз жылап тұрып:

– Сіз білмеуші ме едіңіз? Менің анам – ең жақсы адам. Ол бәрінен де жақсы, – депті.

*Ыбырай Алтынсарин*

- Кішкентай қыз қайда адасып қалды?
- Ол не істеді?
- Адамдар қызды не деп жұбатты?
- Аны қандай адам екен?
- Қыз оларға қалай жауап берді?



**2-жаттығу.** Мақалды көркем жаз.

Күннің шұағы – жыныс,

Ананың құшағы – жыныс.

- Дауысты дыбыстардың жуан не жінішке екенін айт.



**3-жаттығу.** Төменде берілген сұрақтар бойынша өз отбасың туралы әңгімелеп.

- Отбасында қанша адам бар?
- Олар қайда жұмыс істейді?
- Ағаң (әпкең) бар ма? Оның аты кім?
- Өзің бос уақытында немен айналысадың?



### Жуан және жінішке айтылатын сөздер

**1-жаттығу.** Тақырыбы бойынша мәтіннің мазмұнын болжа. Мәтінді тыңда.

### Әдепті балалар

Жақында Асан атаның баласы қалаға көшіп кетті. Оқушылар Асан ата мен Әсем әжеге көмектесуге келісті.

Толағай:

– Ұлдар мал күтуге көмектессін. Ал қыздар үйді тазаласын, – деді.

Балалар күнде ата мен әжеге көмекке келді.

– Өркендерің өссін! Халыққа қадірлі азамат болындар! – деді Асан ата.

Әсем әже дастарқан жайды. Ол:

– Бірлік пен татулықтарың үшін ризамын, – деді.

### Әдібай Табылды

- Балалар қандай қамқорлық жасады?
- Өже оларға не деді?
- **Әдепті, балалар** сөздерінде неше дауысты дыбыс бар? Олар қалай естіледі? Жуан ба? Жіңішке ме?



**2-жаттығу.** Мақалды жатқа жаз.

Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет.

Сөздегі дауысты дыбыстар жуан болса, сөз жуан айтылады: *айна, жылқы, сауысқан*.



**3-жаттығу.** Моншақтардағы сөздерді оқы. Сөздердің айтылуына назар аудар. Оларды түсіне қарай топтастырып. Бір сөзben қалай аталатынын айт.



**Жуан және жіңішке айтылатын сөздер**



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Ақша қардың әлегі

– Балалар, бүгін біз үлкен тәртіпсіздік жасадық, – деді ағай. – Қармен атқыласып, терезені сындырып қойдық. Басты айыпкер – Сұлтан.

Ол кінәсін мойындаудың орнына, қашып кетті.  
Біздің талқымыздан қорықты.

Осы кезде сыныптың есігі ашылды. Қарасақ –  
Сұлтан екен. Қолтығында үлкен әйнекі бар.

– Мен қашып кеткенім жоқ. Үйден әйнек пен  
алмас алып келдім, – деді.

Біз Сұлтанға риза болдық.

*Бердібек Соқлақбаев*

- Мәтін неше бөліктен тұрады? Әр бөлікке ат қой.
- Әр бөлікте не туралы айттылған?
- Мәтінді жалғастырып әңгімелеп.
- Мәтін бойынша өз ойынды айт.

Сөздегі дауысты дыбыстар жіңішке болса,  
сөз жіңішке айтылады: үй, көгершін, өнер.




**2-жаттығу.** Сөздерді көшіріп жаз.

Әйнек, кінә, тәртіпсіздік, бүгін.

- Сөздердің жіңішке айтылу себебін түсіндір.



**3-жаттығу.** Бос торкөздерге керекті әріпті қойып оқы.



- Осы сөздердің ішінен өзің қалаған бір сөзден сөйлем құрап жаз.



## Жуан және жіңішке айтылатын сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

### Сыйлаймын

Ата менен ананың  
Айтқан тілін аламын.  
Үлкен кісі жұмсаса,  
Қайда болсын барамын.

Тесекті өзім жинаймын,  
Бекер қарап тұрмаймын.  
Ешкім маған тимейді,  
Мен де бәрін сыйлаймын.

Шәміл Мұхамеджанов

- Өлеңдегі қандай бала?
- Өзің үлкендерді сыйлайсың ба?



**2-жаттығу.** Тыйым сөздерді көшіріп жаз.

1. Үлкеннің алдын кеспе.
2. Үлкенмен сөз таластырма.

- Сөздердегі дауысты дыбыстардың қайсысы жуан, қайсысы жіңішке екенін айт.



**3-жаттығу.** Суреттердің атауын сәйкестендір.

аю



тасбақа

өрмекші





## Жуан және жіңішке жұп дауыстылар



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

### Отан

Отан – сенің ата-анаң,  
Отан – досың, бауырың.  
Отан – өлкен, астанаң,  
Отан – аудан, ауылдың.

Отан – тарих, Отан – тіл,  
Жасаған елің, ер халқың.  
Отан – өлең, Отан – жыр,  
Көтерген көкке ел даңқын.

*Бүркіт Ұлсқақов*



**Әлке** – аймақ, өнір.

- Отан туралы білетініңді айт.



**2-жаттығу.** Мақалды көркем жаз.

*Отансыз адам –  
Ормансыз дүйнө.*



### 3-жаттығу. Сөздерді салыстырып оқы, көшіріп жаз.

ал – әл  
сан – сән

ыс – іс  
тыс – тіс

ұн – үн  
тұс – түс

- Сөз мағынасын өзгертіп түрған дыбыстарды ата.  
Олардың дыбысталуына назар аудар.
- Сөздердің мағынасын қалай түсінгенінді айт.



### 4-жаттығу. Ұйқасын тап.

1. Төрге оны төсеп,  
Қабырғаға ілем.  
Оның аты – ... .



2. Ағып жатыр бұлақ,  
Жағасында ... .





## Жуан және жіңішке жұп дауыстылар



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Қазақстанның Туы мен Гимні



Еліміздің Туы тікбұрышты көгілдір түсті матадан жасалған. Көгілдір түс – бейбітшілік пен тыныштықтың белгісі.

Тудың ортасында Күн бейнеленген. Оның астында қалықтап үшқан қыран құс. Сол жағына ұлттық өрнек салынған.

Гимн – Отанның салтанатты әні. Ол кеудені мақтанышқа бөлейді. Арманыңды алысқа самғатады. Гимнді әр адам жатқа білу керек.

- Туымыздың түсі қандай?
- Туда не бейнеленген?
- Гимнді жатқа білесін бе?



**2-жаттығу.** Өлеңді көшіріп жаз.

Айнымайды аспаннан  
Біздің Тудың бояуы.  
Оны халық қашанда  
Биікке іліп қояды.

*Тұманбай Молдагалиев*


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТЕР ГИМНІ**  
Ден жағын Шамши Ескебапов  
Сөзі жазындар: Жарылған Назімбеков, Нұржанған Назарбаев  
Мелодия: Адам Құнайлов  
Алтын күн асшамы,  
Алтын дағылама,  
Ерлігін дистема,  
Елімін караңыз!  
Ескебап ер деген  
Данисмұла пысты гой,  
Намысмын бермегін  
Қазақым жақты гой!  
  
Кайдағысы:  
Мениң күні, мекін күні,  
Гүлдік болып отылама,  
Жыныс болып тағылама, күні,  
Тутын жерде мениң – Қазақстаным!  
  
Урияқта жаға ашыда  
Коң-байтак жерде бар,  
Шарліг жарынек  
Тауелса күн бар.  
Карем алтын ушынды  
Манғылай десектайдай,  
Шілдек ек баянды,  
Шілдек ек отынайдай!  
  
Кайдағысы:  
Мениң күні, мекін күні,  
Гүлдік болып отылама,  
Жыныс болып тағылама, күні,  
Тутын жерде мениң – Қазақстаным!



**3-жаттығу.** Берілген сөздерді оқып, салыстыр. О, ө, ы, і дыбыстарының айтылуына назар аудар.

- Сөздерді жұптап жаз.

Үлгі: ор – өр, ...



**4-жаттығу.** Оқы. Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндір.

**Тол,  
Төл.**

Астау, суға тол,  
Ішеді төл.

Ескен Елубай



**Жуан және жіңішке жұп дауыстылар**



**1-жаттығу.** Өлеңді тыңда. Жаттап ал.

**Елтаңбасы елімнің**

Елтаңбасы елімнің  
Неткен әйбат, әдемі!  
Тұнығындаі көңілдің,  
Ортада – аспан әлемі.

Құт-береке – шаңырақ,  
Орын алған ол төрден.  
Қанатты қос арғымақ  
Екі жақтан көмкерген.

Сұлтан Қалиұлы



**Әйбат** – әдемі, әсем.

- Өлең не туралы?
- Ақын Елтаңбаны қалай суреттеген?



**2-жаттығу.** Көркем жаз.

*Пұ, Елтаңба, Тін –  
елділінің белгісі.*



**3-жаттығу.** Сөздерді жүптап оқы. Сөздердегі дауысты дыбыстардың жуан немесе жінішке екенін айт.

құз	он
тұр	сұр
сұр	үш
үш	тұр
өн	құз



**4-жаттығу.** Жатқа жаз.

ұн,

ұн.

Қапта ұн,


Құста ұн.

Ескен Елубай



**Диктант**

## БУЫН ЖӘНЕ ТАСЫМАЛ



- Буын мен тасымал туралы білетін боласың.
- Сөзді буынға бөлуді;
- сөздегі буын санын анықтауды;
- сөздерді тасымалдап жазуды үйренесін.



## Буын

 **1-жаттығу.** Тақырыбы бойынша мәтін мазмұнын болжа. Мәтінді тыңда.

### Еліміздің астанасы



Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы. Қаланың ортасымен Есіл өзені ағады. Қалада әсем ғимараттар көп. Онда «Бәйтерек», «Ханшатыр» бар. Нұр-Сұлтан қаласы әдемі. Ол маған үнайды.



**Ғимарат** – белгілі бір үлгімен салынған құрылыш нысаны.

- Мәтін не туралы?
- Нұр-Сұлтан қаласы туралы білетініңді айт.



**2-жаттығу.** Сөздерді буынға бөліп жаз.

Нұр-Сұлтан, астана, қала.

Сөз буынға бөлінеді. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады: ер, а-та, жаң-ғақ, жұ-мыс-шы.




**3-жаттығу.** Сан реті бойынша буындардан сөйлем құрап айт. Әр сөздегі буын санын анықта.



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Алматы метросы



Алматы метросы – жаңа метролардың бірі.

Әлемнің барлық метро бекеттері бір-біріне үқсайды. Ал Алматы метросының бекеттері

өзгеше. Ол тоғыз бекеттен тұрады. Мұндағы «Мәскеу» бекеті – екі елдің достық белгісі.

«Алматы ақшамы» газетінен

- Метро туралы дереккөздерден біліп ал.



**2-жаттығу.** Өлеңді көшіріп жаз.

Алматыда – мекенім,  
Мұны мақтан етемін.  
Метромен зуылдап,  
Мектебіме жетемін.

Әділғазы Қайырбеков

- **Алматы, метро, мекен** сөздерінде неше буын бар екенін айт.



**3-жаттығу.** Буындардан сөз құра.

кір



лық

ба



пі

ақ



шік

тор



қу

ку



ғай



## Бұын



**1-жаттығу.** Оқы, мәтін бөліктерін орнына қой.

### Алматы



Қаланың іші-сырты толған жеміс ағаштары.  
Дүниежүзіндегі ең дәмді алма – апорт. Ол тек  
Алматыда өседі.

Алматы – еліміздегі ерекше көрікті қала.

Әбдіраш Жәмішев

- Алматы туралы дереккөздерден біліп ал. Сол бойынша өз ойынды айт.



**2-жаттығу.** Өлеңді оқы. Жатқа айт.

Апорт деген алманың  
Таттың ба сен бал дәмін?  
Апорт деген тәтті алма,  
Ол өседі бақтарда.

Нұрсұлтан Әлімқұлов



**3-жаттығу.** Берілген буындардан 5–6 сөз құрап жаз.

ла	йық	сық
лақ	<b>қа</b>	тық
лам	мал	

лық	қа	ла
ға	<b>ба</b>	тыр
та		



## Буын

 **1-жаттығу.** Тақырыбы бойынша өлең мазмұнын  
 болжа. Өлеңді тында.

### Отаным

Қар жапқан шындарын,  
Тәкаппар таулары.  
Күн сүйіп құм жалын,  
Жайқалған баулары.

Аялап таң нұры,  
Төгеді шапағын.  
Осының барлығы –  
Тұған жер, Отаным.

Абдрахман Асылбек



**Шапақ – Күн сәулесі.**

- Өлеңнің соңғы екі жолын көшіріп жаз.
- Өлеңде не туралы айттылған?



**2-жаттығу.** Сызбадағы буындардан жұмбақ құрап жаз. Шешуін тап.



--	--	--	--	--	--	--	--



**3-жаттығу.** *Алатау* сөзіндегі әріптерден бірнеше сөз жасап айт.

--	--	--

--	--

--	--	--



## Буын



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

## Тұған жер

Атасы мен Дарханның қалаға кеткендеріне бір айдан асқан. Дархан ауылға қайтқанша асықты. Бұлардың ауылы жолдың бойынан қашық болатын.

Автобус ауылдың тұсындағы аялдамаға тоқтады. Атасы екеуі автобустан түсті.

Дархан ауылын қатты сағынған екен.

– Ата, үйлердің түтіні көрініп тұр! – деп қуана айғайлады.

– Балам, «туған жердің түтіні де ыстық», – деді атасы.

*Кәдірбек Сегізбайұлы*

- Дархан қайда барды?
- Қалада қанша уақыт болды?
- Ауылдың көргенде Дархан не деді?
- Жоспар бойынша мәтін бөліктерін анықта.

**Жоспар:**

1. Дарханның ауылға асығуы
2. Атасы екеуінің ауылға жетуі
3. Тұған жердің түтіні де ыстық



**Жоспар** – мәтін бөліктерінің атауы.



**2-жаттығу.** Өлеңді көшіріп жаз.

Ұлы дала ұланымын,  
Күліп ақтан бұлағымын.  
Самғайтұғын зеңгір көкке  
Мен елімнің қыранымын.

*Серік Ақсұнқарұлы*



**Зеңгір көк** – көк аспан.



**3-жаттығу.** «Буыннан сөз құра» ойынына қатыс.

**1-топ: қа**

Марат  
Сәуле  
Жандос

и	ы	қ
ла		
па		

деді

**2-топ: ба**

Ажар  
Алан  
Асан


деді

- Қандай сөздер шыққанын тап.



## Тасымал



**1-жаттығу.** Өлеңді тында.

### Бесік жыры

Айналайын шырағым,  
Көлге біткен құрағым,  
Жағамдағы құндызыым,  
Аспандағы жұлдызыым.  
Әлди, балам, әлди-ай!  
Айналайын балам-ай,  
Айналсын сенен анаң-ай.



*Ауыз әдебиетінен*

- Өлең неліктен «Бесік жыры» деп аталады?
- Өлеңде ана баласын нелерге теңеген?
- **Құрақ, жұлдыз, бала** сөздері жазып келе жатқан жолға сыймаса, қалай жазасың?

Жазу жолына сыймаған сөз буынға бөлініп тасымалданады. Сөздердің тасымалданбаған бөлігінен соң сызықша (дефис) қойылады: үс-таз, дә-рігер, дәрі-гер.



**2-жаттығу.** Сөздерді тасымалдау белгісін қойып, көшіріп жаз.

Құрақтар, құндыз, жұлдызыша, бала.

*Үлгі:* құ-лын.



**3-жаттығу.** Жұмбақты оқы. Шешуін айт.

Даладай кімнің пейілі?

Данадай кімнің мейірі?

--	--	--



## Тасымал



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

### Тұсаукесер жыры

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,  
Тақымыңды жаз, балам.  
Қадамыңа қарайық,  
Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз, балам, жүре ғой,  
Балағыңды түре ғой.  
Тай-құлышын боп шаба ғой,  
Озып, бәйге ала ғой.



Ауыз өдебиетінен



**Балақ – шалбардың тізеден төменгі жағы.**

- Өлең неліктен «Тұсаукесер жыры» деп аталған?
- Бұл өлеңді қай кезде айтады?
- Сенің тұсауыңды кім кескенін білесің бе?



**2-жаттығу.** Екі қатардағы буындардан сөз құрап айт.

да	ла
қа	ла
кі	тап
дәп	тер
қа	зак



### 3-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз.

Қаз баса ғой, қарағым,  
Құтты болсын қадамың!  
**Өмірге** аяқ баса бер,  
**Асулардан** аса бер.

Ауыз әдебиетінен

- Қарамен берілген сөздердің қалай тасымалдана-тынын айт.



### Тасымал



### 1-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

#### Бота

Айналайын ботам,  
Қандай құлте жотаң.  
Табандарың жалпақ,  
Теріп жейсің жантақ.

Иіліп түр мойның,  
Қанбайды екен ойының.  
Тостағандай көзің,  
Әдемісің өзің!



Абдрахман Асылбек

- Түйенің пайдасы қандай?
- **Бота, табан** сөздері қалай тасымалданады?



### 2-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Түйе – төрт түліктің бірі. Ол шөлге төзімді.

- Тасымалдауға болмайтын сөздерді тап.

Бір буынды және алғашқы буыны бір дыбыстын тұратын екі буынды сөздерді тасымалдауға болмайды: *от, сүт, шаш, а-қын, о-рақ, і-ні*.

 **3-жаттығу.** Сөздерді оқы. Бұл сөздерді тасымалдауға бола ма?



 **28 Тасымал**

 **1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

### Құрау, құрау, құлышынам

Құрау, құрау, құлышынам,  
Құрығыма түсө ғой.  
Тазасын жеп сұлышынам,  
Мәлдір судан іше ғой.

Сен боларсың қазанат,  
Мен болармын азамат.  
Құрау, құрау, құлышынам,  
Желбіресін тұлышынам.



*Ұлықбек Есдәulet*



**Қазанат** – ұзақ жолға шыдамды, ірі ат.

- Өлең не туралы?
- Өлеңде құлышында қалай шақырған? Басқа төлдерді қалай шақыратынын айт.



**2-жаттығу.** Мақалды көркем жаз.

*Ат түягын тай басар.*

- Тасымалданбайтын сөздердің астын сыз.




**3-жаттығу.** Сөздерді тасымалдап жаз.

Жылқышы, бұзау, құлышақ, түйелер.

Үлгі: жыл-қышы, жылқы-шы.



**4-жаттығу.** Суреттен үй жануарлары мен құстарды тап. Оларды ата.





29

**Тасымал****1-жаттығу.** Өлеңді түсініп оқы. Жаттап ал.**Лағым**

Шөре-шөре, лағым,  
Тентек болма, шырағым.  
Секектеме, демінді ал,  
Селтеңдемей құлағың.

Марқа туған бөрте лақ,  
Әңгімеге сал құлақ,  
Ойнай көрме тым ұзап,  
Боп жүрмесін бөрі тап.



Әбділда Тәжібаев

**Бөрте** – көкшіл теңбілдері бар ақ түс.

- Өлең не туралы?
- Лақты сипаттап айт.

**2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Мен тентектеу ...пын,  
Мүйізі жоқ, шұнақпын.  
Қой бастайтын ... бол,  
Жолын өтем сынақтың.


Нұрғожа Ораз

Керекті сөздер: лақ, серке.

- **Мүйіз** сөзін тасымалдап жаз.



**3-жаттығу.** Сурет бойынша мәтін құра.



## 30 Әліпби



**1-жаттығу.** Өлеңді түсініп оқы.

### Әліпби

42  
А Б В Г Д

Әліпбиді біліндер,  
Онда жүйе, қалып бар.  
Біздің қазақ тілінде  
Қырық екі әріп бар.

Е Ж І Ы 3 М  
Е Е К П

Әліпбидің басында  
А – командир тұрады.  
Басқалары – қасында  
Әріп сапын құрады.

Ермек Өтегілеуұлы

- Әліпби деген не?

Қазақ әліпбійнде 42 әріп бар. Әліпбиде әріптің аты аталып, орын реті белгіленеді.



## 2-жаттығу. Әріптерді оқы.

Баспа түрі	Жазба түрі	Әріптердің аты	Баспа түрі	Жазба түрі	Әріптердің аты
Аа	Аа	а	Пп	Пп	пы
Әә	Әә	ә	Рр	Рр	ыр
Бб	Бб	бы	Сс	Сс	сы
Вв	Вв	вы	Тт	Тт	ты
Гг	Гг	ті	Үү	Үү	у
Ғғ	Ғғ	ғы	Ұұ	Ұұ	ұ
Дд	Дд	ды	Үү	Үү	ү
Ее	Ее	е	Фф	Фф	фы
Ёё	Ёё	йо	Хх	Хх	хы
Жж	Жж	жы	һ	һ	һы
Зз	Зз	зы	Цц	Цц	цы
Ии	Ии	ий	Чч	Чч	чи
Йй	Йй	қысқа й	Шш	Шш	ши
Ққ	Ққ	кі	Щщ	Щщ	шы
Ҝҝ	Ҝҝ	кы	ъ	ъ	айыру белгісі
Лл	Лл	лы	Ыы	Ыы	ы
Мм	Мм	мы	Іі	Іі	і
Ңң	Ңң	ны	Ьь	Ьь	жіңішкелік белгісі
Ңң	Ңң	ың	Әә	Әә	ә
Оо	Оо	о	Юю	Юю	йу
Өө	Өө	ө	Яя	Яя	йа

- Әліпбидегі дауыссыз дыбыстардың қалай оқылатынын айт.



**3-жаттығу.** Сөздерді тауып, оларды әліпби ретінен жаз.



ша



жан



шы



ыңғы

б



Әліпби



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

### Өтірік өлең

Сүтін сауып торғайдың,  
Жетім тайды өсірдім.  
Аққу жегіп арбаға,  
Бүкіл елді көшірдім.

Инеменен жер қазып,  
Су шығардым шөл жерге.  
Елекпенен құм тасып,  
Бөгет салдым көлдерге.

Ауыз әдебиетінен

- Өлең не туралы?
- Өлең мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қоюындар.



**2-жаттығу.** Тиісті сөзді қойып, өтірік өлеңді көшіріп жаз.

Мініп алып ,

Өрмеледім .

Алып келіп ,

Көрсеттім көп жүртқа.

Ауыз әдебиетінен

- Сурет атауларының алғашқы әрпін ата. Ол әріптер әліпбиде нешінші тұр?



**3-жаттығу.** Оқы. Қалып қойған әріптерді тап.

<b>A</b>	<input type="radio"/>	<b>B</b>	<input type="radio"/>	<b>V</b>	<input type="radio"/>	<b>D</b>	<input type="radio"/>	<b>Ё</b>
<b>Ж</b>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<b>Й</b>	<input type="radio"/>	<b>K</b>	<input type="radio"/>	<b>M</b>	<b>H</b>
<input type="radio"/>	<b>O</b>	<input type="radio"/>	<input type="radio"/>	<b>P</b>	<input type="radio"/>	<b>T</b>	<input type="radio"/>	<b>Y</b>



**Әліпби**



**1-жаттығу.** Оқы. Мәтін бөліктерін орнына қой.

### Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш

Сонда атасы:

- Осы кішкентай жәндіктер саған үлгі болсын. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс жасауға әдеттен, – деді.

Атасы он жасар баласымен далада келе жатты. Ол баласынан сұрады:

- Анау өрмекші не істеп жүр?
- Өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Иә, аузында нанның қоқымы бар. Ол жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар.

*Ыбырай Алтынсарин*


- Атасы баласынан не сұрады?
- Бала оған не деп жауап берді?
- Мәтін мазмұнын топта талқыландар.



**2-жаттығу.** Жаңылтпашты тыңдал, жатқа жаз.

Ұғымпаз бала  
Болар дана.  
Ұғымсыз бала  
Қалар шала.

 **3-жаттығу.** Суреттерге қарап, әліпбидің қай кездे қолданылатынын айт. Өзің мысал келтір.





## Әліпби



**1-жаттығу.** Ертегіні түсініп оқы.

### Тұлкі мен тырна

(Ертегі)



тұлкінің үйіне қонаққа келеді. ботқаны жайпақ табаққа салып, тырнаның алдына қояды.

– Тамақ ал!



жайпақ тұмсығымен шоқып-шоқып, ештеңе жей алмайды.

Келесі күні тырнаға қонаққа келеді. сорпа дайындалап, оны құмыраға құйып беріпті.

Тұлкі сорпаны іше алмайды. басы кірмей қояды. Ал тырна ұзын тұмсығымен шоқи береді.

Тұлкі ренжіп, үйіне аш қайтыпты.

- Ертегі мазмұны бойынша сұрақ қой.
- 1. Тырна қайда қонаққа келді?
- 2. ...



**2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөздерді әліпби ретімен жаз.

Құм...ра, тұлк..., көл...ңке, к...міс, жұз...м, бұрғ..., қ...дық.



**3-жаттығу.** Өліпбидегі р әрпінің алдында және соңында тұрған әріптерді ата. Сол әріптерден басталатын сөздерді айт.



## Сөйлеу әдебі



**1-жаттығу.** Өлеңді тыңда.

### Сәлем бер

Үлкенді көрсөң, сәлем бер,  
Басыңды иіп, кідіріп.  
Әдеппен келіп амандас,  
Жанынан өтпей жүгіріп.

Есен-саулық сұрасып,  
Сәлемдесу – салтымыз.  
Аман болсын қашан да  
Ардақтаған халқымыз!

*Ұлықбек Есдәulet*

- Өлең не туралы?
- Өзің үлкендермен қалай амандасасың?



**2-жаттығу.** Мақалды көркем жаз.

*Әдептілік белгісі - шарт  
сәлем бергені.*



Сөйлеу әдебін біліп ал.

1. Үлкенді сыйла.
2. Біреудің сөзін бөлме.
3. Асықпай, сыпайы сөйлес.



**3-жаттығу.** Жаңа кездескен адамдармен қалай амандасасың? Танысқан кезде қандай сөздерді қолданасың? Амандасу түрлерінің қайсысы дұрыс?



### Сейлеу әдебі



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

#### Не деу керек?

Үй артында қоқысты  
Жатқан көптен үйіліп,  
Тазалайды қарт кісі  
Белі зорға иіліп.  
Не дегенің жөн еді?

Добын апар Назардың! –  
Деді ағаң, бармадың.  
Тапжылмадың орныңнан,  
Аға тілін алмадың.  
Сен қай сөзді айтпадың?

Осы келген бетінде  
Допты қудың, жарыстың.  
Көшениң сол шетінде  
Кезікті бір танысың.  
Ұмыттың сен не деуді?

Әнуарбек Дүйсенбиев

- Өлеңдегі сұрақтарға жауап бер.
- Әдепті бала қандай болады?



**2-жаттығу.** Өлеңді қатесін түзеп жаз.

Әрғашан озба әдептен,  
Әдеппен сөйлеп әдептен.




**3-жаттығу.** Бұындардан сыпайылықты білдіретін сөздерді тап.

сат		ке	
rұқ	е	rі	ші
ңіз	ті	ңіз	мұм
мет	рак	кін	са бол



**4-жаттығу.** Көп нүктенің орнына ізеттілікті білдіретін сөздерді тауып жаз.

Мына кітапты





36

## Қайталау сабагы



**1-жаттығу.** Өлеңді түсініп оқы. Жаттап ал.

### Аға ақылы

Жаман сөзге ермеші,  
Намысынды бермеші.  
Ел сенімін ақташы,  
Абыройды сақташы.

Әкім Ысқақ

- Өлең неліктен «Аға ақылы» деп аталған?
- **Сенім, абырой** сөздеріндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ата.
- Сөздің жуан не жіңішке айтылғанын қалай білеміз?



**2-жаттығу.** Кесте бойынша сөздерді тауып жаз.

Жіңішке айтылатын сөздер	Жуан айтылатын сөздер



**3-жаттығу.** Сөздерді тасымалдап жаз.

Жеңіс, жауынгер, балапан.

Үлгі: жа-ңалық, жаңа-лық.



**4-жаттығу.** Тасымалданбайтын сөздерді тауып айт.

Оқушы, ақыл, ес, бір, күшік, терезе.

## МӘТИН ЖӘНЕ СӘЙЛЕМ



- Мәтіннің не екенін;
- сөйлемнің не екенін білетін боласың.
- Мәтін құрастыруды;
- сөйлем сонына тиісті тыныс белгісін қойып жазуды үйренесің.



## Мәтін



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

### Мұғалім

Білім алған өзіңнен  
Дәрігер, үшқыш не ғалым.  
Саған ыстық сезіммен  
Қарайды жүрт, мұғалім.

Мен де өзінді әрдайым  
Қамқорым деп ұғамын.  
Күліп атқан таңдайын,  
Жарқынсың сен, мұғалім.

Нұрхан Жанаев

- Өлең не туралы?
- Мұғалімнен кімдер білім алған?



**2-жаттығу.** Берілген сөйлемдерден мәтін құрап жаз.

Қоңырау соғылды. Балалар тапсырманы орындауға қызыға кірісті. Оқушылар мектепке келді. Сабак басталды.



**3-жаттығу.** Мақалдарды жатқа айт.

1. Білекті бірді жығар,  
Білімді мыңды жығар.
2. Оқу – білім азығы,  
Білім – ырыс қазығы.



## Мәтін



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Кітап оқудың пайдасы

Бірде Жазира Асылбекке келді.

– Әкем ертегі кітап әкелді. Үйге кел, бірге оқыық, – деді. Ол Жазира айтқан соң барды.

Жазираның кітап оқуы керемет. Қайғылы жеріне келгенде көзі жасаурап кетеді. Ал қуанышты жерінде жүзі алаулап шыға келеді. Асылбек те онымен бірге қайғырды, қуанды. «Барлық қызық кітапта екен ғой» деп ойлады.

Асылбек бұрын кітап оқымайтын. Енді бір мезгіл кітап оқитын болды. Қазір Асылбек сабакты жақсы оқиды.

*Әділ Балта*



**Қайғылы** – аянышты.

**Жүзі алаулап** – жүзіне қуаныш үялау.

- Асылбек алғашқыда кітап оқуды ұнатты ма?
- Оның кітап оқуына кім себепші болды?
- Саған қандай кітаптар ұнайды?



**2-жаттығу.** Бос орынға тиісті сөзді қойып жаз.

тынбай

Мектеп – кеме,

Білім – теңіз.

тымбай

алға

Жүзудеміз.

*Қасым Аманжолов*



**3-жаттығу.** Сурет бойынша мәтін құра.



### Мәтін

**1-жаттығу.** Санамақты тыңда. Мазмұнын қимылмен көрсет.

### Саусақ жаттығулары

Бір, екі, үш деп жұмайық,  
Қалсын ептеп тыңайып.  
Саусақтарым салалы,  
Өнерпазға лайық.

Оңға, солға иейік,  
Жұдырық қып түйейік.  
Биши, күйші болуға  
Тұр саусағым сұранып.

Алақанды ашайық,  
Көкке шашу шашайық.  
Қимылдатып аспанда,  
Жаттығулар жасайық!

Болат Усенбаев

**2-жаттығу.** Санамақты жатқа жаз.

Бір дегенім – білім,  
 «Төрт» пен «беске» ілін.  
 Екі дегенім – еңбек,  
 Еңбек етсең өнбек.

*Нұрлан Қалқа***3-жаттығу.** Адамның көңіл қүйі жүзінен білініп тұрады. Оны неден байқауға болады деп ойлайсың?

- Қуанған кезде түрің қандай болатынын көрсет.
- Ал ренжігенде қандай болады?
- Суреттегі балалардың көңіл қүйі қандай? Соны ым-ишарамен білдір.

**Мәтін****1-жаттығу.** Оқы. Мәтін бөліктерін орнына қой.**Оқығаннның көзі ашық**

– Ешкімнен көрген жоқпын. Кітаптан оқыдым.  
 «Оқыған адамның көзі ашық» деген осы.

Жанна «Оқығаннның көзі ашық» деген мақалды оқыды.

– Бұл не деген сөз? – деп сұрады.

– Оқыған адам көп біледі. Көзінің ашық болатыны содан, – дедім мен.

Бірде Жанна қолына сия жүктывып алды.

Мен оған:

– Қолыңды сула, – дедім. Сіріңке шырпысының күкіртімен сияны ысқыладым. Содан кейін қолы тап-таза болды.

– Мұны кімнен көрдің, әке? – деп сұрады Жанна.

Сафуан Шаймерденов

- Мәтін неше бөліктен тұрады?
- Мәтіннің мазмұнын айт.



Ертегі, жұмбақ, мақал, әңгіме, өлең – бәрі **мәтінге** жатады.






**2-жаттығу.** Көркем жаз.

Онер, білім – барі де  
Оқынен табылған.



**3-жаттығу.** Тиісті әріптерді қойып, дәңгелек ішінде жасырынған сөзді тап.





## Мәтін



**1-жаттығу.** Тақырыбы бойынша мәтін мазмұнын болжа. Мәтінді тыңда.



Түнде жапалақ пен үкіден артық көретін аң-құс жоқ. Көздері ерекше үлкен. Болмашы жарықтың өзі олардың назарынан тыс қалмайды. Көздеріне Күн сәулесі тым жарық әрі жайсыз. Сондықтан бұл құстар күндіз тығылып жатады.

Түнде жем аулайтын жапалаққа құлағының тигізер көмегі көп. Жапалақ дыбыс арқылы же мінің қайда түрғанын біле қояды.

«Негеш» энциклопедиясынан

- Мәтін не туралы?
- Жапалақ неге түнде ұшады?
- Түнде ұшатын тағы қандай құстар бар?




**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Жапалақтардың есту қабілеті өте жоғары. Олар алыстан жақсы көреді.



**3-жаттығу.** Өлеңде жұмбақталған құсты тауып айт.

Жайнаған бақтың әншісі,  
Тамсанған оған сан кісі.  
Сайраудан бір талмайды,  
Әнші құс бал таңдайлы.





## Мәтін



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Көктем



Көктем келді. Күн жылдынып қалды. Біз жаққа жылы жақтан құстар қайта бастады. Олардың бәрі бір мезгілде ұшып келмейді. Ең алдымен ұзақ қарға, олардан кейін қараторғайлар жетеді. Қар еріп болған кезде бозторғайлар ұшып келеді.

Өзендердің мұзы ерігенде басқа құстар да келе бастайды. Ал күн жылдынғанда бұлбұл мен қарлығаш оралады.

*Мұхтар Әуезов*

- Мәтін неліктен «Көктем» деп аталған?
- Құстар қай жақтан келеді?
- Ең алдымен қандай құстар ұшып келеді?



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Құс үясын, балапандарды қорға. Ұядығы бала-  
панды қолмен ұстауға болмайды.



**3-жаттығу.** Сурет бойынша тірек сөздерді қатыс-  
тырып, әңгіме құра.

## 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні



*Tірек сөздер:* ана, сыйлық, мереке, құттықтау,  
8 наурыз.



### Сөйлем



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Нанды қадірлейік

Нан еңбекпен табылады. Диқандар көктемде  
жерге тұқым себеді. Одан егін өніп шығады. Оны  
жаз бойы күтіп-баптайды. Күзде астықты ком-  
62

байнмен орып алады. Содан соң мәшинемен қабылдау орындарына жеткізеді. Бидайдан үн тартады. Үннан неше түрлі нан пісіреді.

Мұның бәрі – адамдардың еңбегі. Сондықтан да нанды қадірлеуіміз керек.

### «Балдырган» журналынан

- Диқандар көктемде не істейді?
- Астықты қалай жинайды?
- Мәтін неліктен «Нанды қадірлейік» деп аталған?



**2-жаттығу.** Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.

Еңбекпен, нан, табылады. Оны, сондықтан, қадірлеуіміз керек.

- Әр сөйлем неше сөзден тұрады?
- Сөйлемдердің бірінші сөзі қандай әріптен басталып жазылған?

Сөйлем сөздерден құралады. Сөйлемдегі сөздер бір-бірінен бөлек жазылады: *Балалар мектепке келді*.



**3-жаттығу.** Сөзжұмбақты шеш.

1. Дәнді дақыл.
2. Жер жыртатын құрал.
3. Астық кептіретін орын.
4. Астық оратын мәшине.
5. Нан пісіретін адам.





## Сөйлем



1-жаттығу. Өлеңді тыңда.

### Наубайхана

Наубайхана деген бар,  
Бұл үй қала шетінде.  
Күндіз-түні тынбайды,  
Білесің бе мұндайды?

Пісіп ылғи ып-ыстық  
Тәтті тоқаш, нан түрлі,  
Таңертеңнен жөнелер  
Дүкендерге әртүрлі.

Зор еңбекпен келетін,  
Таппай диқан бір тыным.  
Әмірге нәр беретін,  
Қадірле нанды бір тілім!



Аян Нысаналин



**Тілім** – жүқалап кесілген.

- Өлең неліктен «Наубайхана» деп аталған?
- Нан дастарқанға қалай келеді?
- Үлкендерден нанды қалай пісіретінін біліп ал.



Нұкте, үтір, леп белгісі, сұрақ белгісі, сызықша –  
бұлар тыныс белгілері.

**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Дастарқан көркі – нан. Наннан үлкен ас жоқ.

Сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталып жазылады. Сөйлемнен соң не нүктес (.), не сұрақ белгісі (?), не леп белгісі (!) қойылады.

 **3-жаттығу.** Суреттер бойынша көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып оқы.

- ... (кім?) нан пісірді.
- Нанды ... (неден?) пісірді.
- ... (не?) қандай дәмді!

**Сөйлем****1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.**Ас атасы – нан**

Науан әжесіне еріп, егіс даласына келді. Ол бидай сабақтарын көріп:

- Мынау өсіп тұрғандар не? – деп сұрады.
- Науанжан, бұл пісіп тұрған – нан, – деді әжесі.
- Нан болса, таба наны қайда?
- Таба нан да осы дәннің ішінде.
- Ақ тоқаш ше?
- Тоқаш та осы дәннің ішінде.
- Кіп-кішкентай дәнге осынша нан қалай сыйып тұр?

— «Ас атасы – нан, нан атасы – дән». Тоқшылық әрбір дәннің ішінде, — деді әжесі.

*Мәдіхат Төрежанов*

- Мәтінде не туралы айтылған?
- Науан қайда келді?
- Неліктен «Ас атасы – нан» дейді?
- Мәтіндегі сөйлемдерден соң қандай тыныс белгілері қойылған?



**2-жаттығу.** Мақалды көркем жаз.

*Дәнді шашпа,  
Нанды баспа.*



**3-жаттығу.** Сөйлемдерді тиісті тыныс белгісін қоюп, көшіріп жаз.

Тары адам ағзасына пайдалы тарыдан қандай тағамдар жасалады.



## Сөйлем



**1-жаттығу.** Өлеңді тыңда.

### Нан қоқымын шашпаңдар

Нан – ардақты, адап ас,  
Кәрі, жас оны аттамас.  
Ақ дастарқан үстінде  
Қол жумай оны ұстамас.

Нан қоқымын шашпаңдар!  
Жерде жатса баспаңдар!  
Теріп алып қастерлеп,  
Торғайларға тастаңдар.

Өтебай Тұрманжанов

- Өлең мазмұны бойынша өз ойынды айт.
- Нанның қоқымын неге шашуға болмайды?
- *Кәрі, жас* сөздерінің мағынасын біліп ал.



**2-жаттығу.** Жаңылтпашты жатқа жаз.

Қап-қап ұн алдық,  
Аппақ ұн алдық.



**3-жаттығу.** Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзді қатыстырып, сөйлем күра.



**Сөйлем**



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Нан – тіршілік тірегі

Нан – ең қасиетті дәм. Нан ұсағының өзі киелі. «Нанның ұсағын жерге тастама, обал болады», – дейді ата-әжелеріміз. Себебі нан – тіршілік тірегі.

Нанды ысырап етуге болмайды. Ешқашан нанмен ойнама!

Айгүл Ағыбаева

- Мәтін мазмұны бойынша өз ойынды айт.
- Мәтін неше сөйлемнен тұратынын айт.



**2-жаттығу.** Өлеңді көшіріп жаз.

Атасындай бар астың –  
Тұр ғажайып ақ бидай.  
Асырайтын барша елді  
Біздің байлық – ақ бидай!

Ермек Өтегілеуұлы



**3-жаттығу.** Дәнді дақыл атауларын тап.

ж	б	и	д	а	й	т	к	ү	р	і	ш
ә	ү	с	и	ө	ғ	ы	ж	а	р	п	а
м	т	г	е	р	і	т	а	р	ы	м	к

- Бұл дәнді дақылдардан не жасалады?



**Сөйлем**



**1-жаттығу.** Өлеңді түсініп оқы.

### Алғашқы хат

Әріпке әріп жалғасты,	Қалсам мінін анықтай,
Жазу сырын аңғардым.	Келмеді үйкеп өшіргім.
Хат жазуға алғашқы	Жазғанымды жалықпай,
Көдімгідей қамдандым.	Қайта-қайта көшірдім.

Сау болуын қатеден,  
Достарым да ескерді.  
Мәз боп оқып ата-анам,  
Ұстазым да тексерді.

Оразақын Асқар




### Камдану – дайындалу.

- Хатты қалай жазу керек?
- Өзің хат жазып көрдің бе?



**2-жаттығу.** Жұмбақты көшіріп жаз. Шешуін тап.

Аяғы жоқ, жүреді,  
Аузы жоқ, сөйлейді.



**3-жаттығу.** Атаңа немесе әжеңе хат жаз.

Үлгі:

Амансыздар ма, ата, әже? Аман-есен жүрсіздер ме? Біз де аманбыз. Сабағым жақсы. Сау болыңыздар.

Сәулө



### Сөйлемдегі сөздердің байланысы



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Наурыз

Наурыз – жыл басы. Бұл – Шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы. Ел оған сағынып жетеді. Наурыз мейрамында наурызкөже жасалады.

Дастарқан жайылады. Халық бір-бірін мерекемен құттықтайды. Наурызда алтыбақан құрылады. Өн салынып, би биленеді. Әртүрлі ойындар ойналады.

*Кеңес Оразбекұлы*

- Наурыз қандай мейрам?
- Наурызда алтыбақан құрылады сөйлеміндегі сөздерге сұрақ қой. Олардың өзара байланысын тап.

*Үлгі:* Көктемде күн жылышынады.

1. Күн қайтеді? – Күн жылышынады.

2. Қашан жылышынады? – Көктемде жылышынады.

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланыста болады. Олардың байланысын сұрақ қойып білеміз:

не?      қайда?      қайтеді?

Бұлбұл бақта сайрайды.



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Көктем келді. Су жылғалармен ақты. Жерге кек шықты.

- Сөздердің байланысын сызып көрсет.

*Үлгі:* Көктем келді.



**3-жаттығу.** Мақалды оқы. Жатқа жаз.

Бір тал кессен,  
Он тал ек.



## Сөйлемдегі сөздердің байланысы

**1-жаттығу.** Тақырыбы бойынша өлең мазмұнын болжа. Өлеңді тында.

### Наурыз

Наурыз – басы ырыстың,  
Ұлы күні ұлыстың.  
Жер бусанып, тоң жібіп,  
Ашылады тынысың.

Мейіріммен астасқан,  
Ізгілікпен достасқан.  
Ән шалқытып, күй тартып,  
Наурызда ел бас қосқан.

Серік Әкірамұлы



**Тоң** – сұықтан қатып қалған жер қабаты.

**Ізгілік** – қайырымдылық, жақсылық.

- Наурыз мейрамы туралы не білесің?
- Ол кезде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Наурыз мейрамында адамдар бір-біріне қандай тілектер айтады?





**2-жаттығу.** Мәтінді көшіріп жаз.

Наурызек – көктем құсы. Бұл құсты ел күтіп жүреді. Оған жем шашады. Наурызекті ешкім үркітпейді.

- Соңғы сөйлемдегі сөздердің байланысын сыйбамен көрсет.
- Наурызек туралы дереккөздерден біліп ал.



**3-жаттығу.** Суреттерді пайдаланып, сөзжұмбақты шеш.



## Сөйлемдегі сөздердің байланысы



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Наурызкөже

Наурыз мейрамының басты тағамы – наурызкөже. Наурызкөже азықтың жеті түрінен жасалады. Олар: бидай, тары, күріш, су, ет, тұз, сүт.

Жеті түрлі дәмнен жасау халықтық дәстүрден шыққан. Наурызкөже беру дәстүрі дәм татыруды білдіреді.

«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан

- Наурыз мейрамының басты тағамы не?
- Наурызкөже неден жасалады?



**2-жаттығу.** Көркем жаз.

Чыс береке берсін!



**3-жаттығу.** Өлеңді жақшадағы әріптің тиістісін қойып, көшіріп жаз.

Бүгін жаңа (к,г)...ұн келді,  
Бүкіл әлем (к,г)...ұлденді.  
Күн менен түн теңелді,  
Ғалам нұрға бөленді.

Әдібай Табылды



### Тоқсандық жыныстық бағалау



### Мазмұндама



### Қайталау сабағы



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Дән



Балапан есік алдынан жалғыз дән тауып алады. Ол өте қайырымды еді. Тапқанын бауырларымен бөліске салатын. Дәнге қараған ол аз-кем ойланды.

«Дән өте кішкене. Оны жеп алсам, қалғанда-  
ры қайтеді? Одан да дәнді бір жерге апарып  
тығайын. Тағы дән іздейін» дейді ішінен.

Балапан дәнді ауланың бір бұрышына көмді.

Күз келді. Балапан жерге көмгөн дәннің өсіп  
түрғанын көрді. Масағында көп дән бар екен.  
Бұған балапан қатты қуанды.

Гүлбарышын Әзімбаева



**Масақ** – бидайдың дәнді басы.

- Балапан не тауып алды?
- Ол дәнді не істеді?
- Күзде дән қандай болып өсті?
- Бұл мәтін өлең бе әлде ертегі ме?



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Бала мектептен келе жатты. Ол жолда кірпіні  
көрді. Бала оны үйіне әкелді. Оған сүт берді.

- Сөйлемдегі сөздерге сұрақ қой. Олардың байла-  
нысын тап.



**3-жаттығу.** Көп нүктенің орнына керекті сөзді  
қойып жаз.

Біздің Отанымыз – ... . Еліміз ... ! ... жасасын!

*Керекті сөздер:* Қазақстан, бейбітшілік, көркейе  
берсін.

- Сөйлемнің бірінші сөзін қандай әріптен бастап  
жаздың?
- Сөйлем соңына қандай тыныс белгісін қойдың?

## СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫ

### Сөз – заттың, құбылыштың атауы

мағынасы  
қарама-қарсы  
сөздер

мағынасы  
бір-біріне  
жүйк сөздер

дыбысталуы  
бірдей, мағынасы  
әр басқа сөздер

заттың атын  
білдіретін  
сөздер

заттың  
қимылын  
білдіретін  
сөздер

### Сөздер

заттың  
сынын  
білдіретін  
сөздер

заттың  
санын  
білдіретін  
сөздер

- Сөздің не екенін;
- сөз мағынасының түрлерін білетін боласың.



## Сөз және оның мағынасы



**1-жаттығу.** Тақырыбы бойынша өлең мазмұнын болжа. Өлеңді тында.

### Әр сөзде дыбыс орны бар

Әріптер кетті шашылып,  
Шашылды үйме-жүйме бол,  
Тәртіп жоқ, рет, жүйе жоқ.

«М» жатыр «У» қасында,  
«МУ» деген сөз жоқ расында.

«Ж» отыр «О»-ның солында,  
Мәнісі жоқ-ау оның да.

«О» мен «Т» қатар дөп келіп,  
Оқылды маздалап «ОТ» болып.

Әр сөзде дыбыс орны бар,  
Орайын тауып орнығар.

Мұзафар Әлімбай



**Үйме-жүйме** – бір жерге топтану.

- Сөз неден құралады?
- Мағынасы болмаса сөз бола ала ма?

Сөз дыбыстардан құралады. Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді.



**2-жаттығу.** Сөздерді бір бөлек, сөйлемдерді бір бөлек топтастырып жаз.

Ерлан мен Айдос – достар. Ерлан, Айдос, мен, достар. Олар өте тату. Олар, тату, өте, бір-біріне, көмек. Бір-біріне көмектесіп жүреді.

 **3-жаттығу.** Берілген бұындардан сөз құрап айт.

бі

дос

лім

тық

тап

кі



## Сөз және оның мағынасы




**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Жаман жолдас

Екі дос келе жатты. Алдарынан бір аю шығыпты. Бұлардың біреуі ауру екен. Екіншісі мықты жас жігіт еді. Ол аюды көрді. Содан соң бір биік ағаштың үстіне шығып кетіпті. Ауру жігіт өлген адамға ұқсап жата қалады. Аю қасына келіп іскелейді де, жөніне кетеді.

– Аю құлағына не деп сыйырлады? – дейді жолдасы.



– Жолдасын тастап қашатын адаммен дос болма деді, – депті.

**Ыбырай Алтынсарин**

- Бұл әңгіме ме әлде ертегі ме?
- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қоюындар.
- **Жаман** сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөзді тап.

 **2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына бағанның он жағындағы сөздердің тиістесін қойып жаз.

1. Қант ..., ал бұрыш ....
2. Қар ..., көмір ....
3. Арша ..., шырша ....

ак, қара  
ащы, тәтті  
биік, аласа

 **3-жаттығу.** Суреттегі заттардың ішінен жемістер мен көгөністерді тауып, себеттерге сал.



- Оларды түрі мен түсі жағынан салыстырып айт.

**Үлгі:** Қарбыз жасыл, алма қызыл.

 **4-жаттығу.** Мағынасы қарама-қарсы сөздерді жүптап жаз.

**ащы**

**қатты**

**жұмсақ**

**қыын**

**оңай**

**тәтті**



## Сөз және оның мағынасы



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

### Ағайынбыз бәріміз

Жақсылыққа, бақытқа  
Талпынған әр уақытта.  
Бала біткен дос-бауыр,  
Болмасын еш тосқауыл.

Ақпыш, қара, сарымыз,  
Ағайынбыз бәріміз.  
Ортақ болсын асқар тау,  
Жеміс толы бақша-бау.

Болсын жер мен су да ортақ,  
Болсын бізге Ту да ортақ.  
Ақпыш, қара, сарымыз,  
Ағайынбыз бәріміз.



Әнуарбек Дүйсенбиев

- Өлеңде не туралы айтылған?
- *Дос, ағайын* сөздеріне мағынасы жақын сөздерді тап.



**2-жаттығу.** Көп нұктенің орнына берілген сөзге мағынасы жақын сөз тауып жаз.

сәлемдесу – ...

алыс – ...

ұстаз – ...

жылды – ...

әдемі – ...

жылдам – ...



**3-жаттығу.** Әр желкенді қайыққа жазылған сөзге мағынасы жақын сөздер тап.



## Сөз және оның мағынасы



**1-жаттығу.** Өлеңді рөлге бөліп оқы.

**Қазым, қазым, қаңқылда**

– Қазым, қазым, қаңқылда,  
Көлде жүзіп салқында.  
Жем шашайын, жейсің бе?  
Кәмпитет берші дейсің бе?  
  
– Жоқ, жоқ, кәмпитет болмайды ас,  
Арпа менен бидай шаш, –  
Деп қаздарым қаңқылдал,  
Көлде жүзді саңқылдал.

Сапарғали Бегалин

- Өлең не туралы?
- Үй құстары немен қоректенеді?
- Олардың пайдасы қандай?



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Қаз суда жүзеді. 2. Мен жүзге дейін санаймын. 3. Жүзің жарқын болсын.

- **Жүз** сөзінің мағыналарын түсіндір.



### 3-жаттығу. Жаңылтпашты тында.

Таптырмай қырдан құр,  
Қайттық біз құрдан-құр.



### Сөз және оның мағынасы



#### 1-жаттығу. Ертегіні оқы.

#### Торғай мен тышқан

(Ертегі)



мен



дос болыпты. Екеуі егін егіпті.



мен



тең

бөлісе бастайды. Бір бидай артылып қалады.



Оны бөле алмайды. Содан екеуі далада



бағып жүрген бір келеді. Қойши дәнді



алып, екеуіне тең бөліп береді. Бұған мен

разы болады. Сөйтіп, өз жәндеріне кетеді.

«Бабалар сөзі» кітабынан

- Торғай мен тышқан не екі?
- Олар дәндерді қалай бөлді?
- Торғай мен тышқан неге таласты?
- Дәнді бөлісуге кім көмектесті?
- **Жақсы** сөзіне мағынасы қарама-қарсы сөзді тап.



**2-жаттығу.** Бірнеше мағынасы бар сөздерді бір бөлек, мәндес сөздерді бір бөлек жаз.

Адам, жуас, жарық, кісі, момын, алма, дос, ара, жолдас, бұрыш, қой.



**3-жаттығу.** Жұмбақты көшіріп жаз. Шешуін тап.

Өзі айлакер, өзі бір қу,  
Жүрген жері айқай да шу.

--	--	--	--	--



### Сөз және оның мағынасы



**1-жаттығу.** Мәтінді оқы.

### Дидар – ұқыпты бала

Дидар күнде ерте тұрады. Терезені ашып, бөлмесінің ауасын тазартады. Төсегін өзі жинайды. Киімі үнемі таза болып жүреді. Дидар – ұқыпты, тиянақты бала.

- Мәтіннен мағынасы жақын сөздерді тап.



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Мақта – өсімдік. Сен досынды мақта.  
Қой жайылып жүр. Кітапты орнына қой.

- Жазылуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздердің астын сыз.



**3-жаттығу.** Сөздердің қарсы мағыналы сыңарын тап.

**ұзын**

**күшті**

**үлкен**

**қысқа**

**әлсіз**

**кіші**




## Заттың атын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Денсаулықты сақтайық



Кез келген адам өз денсаулығын күту керек. Ол үшін денесін шынықтыру қажет. Денені шынықтыруға жаттығулар жасау, жүгіру, суда жүзу жатады. Денсаулығы жақсы адам үнемі көнілді жүреді. Ойлау қабілеті артады. Денсаулықты сақтау үшін дұрыс тاماқтанған жөн. Таза ауада көп жүрген абзал.

- Мәтін неліктен «Денсаулықты сақтайық» деп аталған?
- Дені сау болу үшін адам не істеу керек?
- **Адам, ая** сөздеріне сұрақ қой. Бұл сөздер заттың атын білдіріп тұрғанын байқа.

Заттың атын білдіретін сөздерге кім?  
кімдер? не? нелер? сұрақтары қойылады.



**2-жаттығу.** Көркем жаз.

Ішер / кеңде / асты / мен,  
Қалды жүргіп жүрмелін.



**3-жаттығу.** Допта жасырынған сөздерді тап. Сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.



### Заттың атын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді оқы. Жаттап ал.

#### Қолыңды жу

Қолға сабын алып,  
Мәлдір суға салып,  
Жуу керек жиі  
Ақ көбікке малып.

Жасыл, қызыл, ағын,  
Қолдана бер бәрін.  
Жуынғанда дәйім,  
Қолда тұрсын сабын.

Қыын емес бұл да,  
Тазалық бар мұнда.  
Таңда, түсте, кеште  
Қол жуудан тынба.

Серікбол Хасан

- Өлең не туралы?
- Тазалықты үнемі сақтау үшін не істеу керек?
- Сабынның пайдасы қандай?
- Заттың атын білдіретін сөздерді тап.



**2-жаттығу.** Жұмбақты көшіріп жаз. Шешуін тап.

Жуған киім тазарып,  
Өзі қалды тым арып.

--	--	--	--




**3-жаттығу.** Көркем жаз.

*Су, сабын, сұлті, тарақ, айна.*



**4-жаттығу.** Сурет атауларының алғашқы әріптерінен сөз құрап айт.





## Заттың атын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Бір минут



Талғат ылғи кешігетін.

– Бір минут тұра тұрындаршы, – деп тостырып қоятын.

Қыста шаңғы жарысы өтті. Оның досы Санжар бір минутқа озып келді. Сонда әкесі жымышп, былай деді:

– Ештеңе етпес! Бір минут уақыт па?

Уақытты бағалайық, балалар!

«Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын!»  
кітабынан

- Талғат қандай бала?
- Оның үнемі кешігетіні дұрыс па? Өз ойынды айт.
- **Балалар, шаңғы** сөздеріне сұрақ қой.

Адамға қатысты сөздерге **кім?** **кімдер?** деген сұрақтар қойылады: *ұстаз, ата, әже, әке, дәрігерлер.*

Заттар мен жануарларға қатысты сөздерге **не?** **нелер?** деген сұрақтар қойылады: *балта, балға, орындықтар, сиыр, қой, бұзаулар.*



**2-жаттығу.** Көркем жаз.

*Жаяу жүргү етеп пайдалы.  
Денсаулықты жақсартады.  
Көңіл күйді көтереді.*



**3-жаттығу.** Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Бұл не?

– Бұл –



2. Бұл не?

– Бұл –



3. Бұл не?

– Бұл –



4. Бұл не?

– Бұл –



**4-жаттығу.** Берілген сөздерді **кімдер?** сұрағына жауап беретін сөздерге айналдырып айт.

бала – ...,    адам – ...,    дос – ...



## Заттың атын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді тында.

### Шынығу

Көтер қолды жоғары,  
Құстар қанат қағады.  
Желаяқтар жүгірер  
Жерге тимей табаны.

Бойың тікте, балдыրған,  
Қимылдасын қол жылдам.  
Аяғынды соз алға,  
Қорықпағын қарғудан.

Оңға, солға бүгілгін,  
Кәне, жылдам жүгіргін.  
Шымырлықтың мәнісі –  
Шынығуда, ұғынғын.

Болат Үсенбаев

- Өлең неліктен «Шынығу» деп аталған?
- Өлеңдегі қимылдарды жаса.
- Шымыр болу үшін тағы не істеу керек?



**2-жаттығу.** Көркем жаз.

*Салқын азмен сергіміз,*  
*Денесізді шындаімыз.*



**3-жаттығу.** Суреттер бойынша мәтін құра. Мәтіннен заттың атын білдіретін сөздерді тап.




### Заттың атын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

#### «Теңге алу» ойыны

«Теңге алу» – ат спортына жататын ұлттық ойындардың бірі. «Теңге алу» ойыны тегіс жерде өткізіледі. Ойынға ересек адамдар ғана қатысады.



Тегіс жерге шүберекке түйілген теңге тасталады.

Ойыншылар атпен шауып келе жатып жердегі теңгені іліп әкетеді. Теңгені ат үстінен еңкейіп алған адам жеңімпаз атанады. Ол жүлде алады.

«Қазақтың ұлттық ойындары» кітабынан

- «Теңге алу» ойыны қай жерде өтеді?
- Тағы қандай ұлттық ойындарды білесін?
- Мәтін мазмұнын айт.

 **2-жаттығу.** Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.

1. Көкпар, Мұхит, қатысты, ойынына.
2. Доп, алаңда, ойнады, балалар.



**3-жаттығу.** Өлеңді тиісті сөзді қойып оқы.

	Біздің жирен <input type="text"/>	
	Байқамаппын <input type="text"/>	
	Желді басып <input type="text"/>	
	Қатты шапты <input type="text"/>	

Сагатбек Медеубекұлы



### Заттың атын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

### Доп та керек, дос та керек

Күні бойы доп тебем,  
Доп тепкенде  
Дөп тебем.

Жүгіремін қуалап,  
 Жеке ойнауды жек көрем.  
 Жақсы екен доп деген,  
 Тебе білсең еппенен.  
 Осы көпшіл добыммен  
 Достар таптым көптеген.

Галымбек Жұматов

- Доп ойнауды ұнатасың ба?
- Доппен тағы қандай ойын ойнайсың?
- Өлеңнен кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді тап.

 **2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Балалар доп ойнады. Ержан қақпаши болды.  
 Бүгін ойын қызықты өтті.

- Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын сыз.

 **3-жаттығу.** Суреттер бойынша мәтін құра.





## Мазмұндағы

### Қамқорлық



Құмырсқа далаға шықты. Жемістер де піскен.  
Дәл қасында әдемі көбелектер ұшып-қонып жүр.

Кенет бір көбелек өрмекші торына түсіп қалды.  
Құмырсқа оны аяп кетті. Ол торды тісімен қыып  
тастады. Көбелек оған алғысын жаудырды.

Сосын құмырсқа құрттың ағашты кеміріп жат-  
қанын көрді. Ағашты аяп, құртқа қатаң ескерту  
жасады. Құмырсқаны көрген құрт қаша жөнелді.  
Құмырсқа ағашқа осылайша қамқорлық танытты.

**«Балдырган» журналынан**

**Мазмұндаманың жоспары:**

1. Құмырсқаның көбелектерді көруі
2. Көбелектің өрмекші торына түсіп қалуы
3. Құмырсқаның көбелекті құтқаруы
4. Құмырсқаның құртқа ескерту жасауы



## Бас әріптен басталып жазылатын сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Қақпашы



Ауыл сыртындағы аланда балалар күнде футбол ойнайды. Ойын басталарда қақпашы сайланады. Алайда балалардың көбі қақпашы болғысы келмейді.

Бір күні футболдан жарыс өтеді деген хабар келді. Оған жақсы ойыншыларды таңдай бастады. Жарысқа тек Ерікті ғана қабылдады.

Ерік сол жарыста ең үздік қақпашы атанды.

Балалар әлі де футбол ойнап жүр. Енді балалардың қай-қайсысы да қақпашы болуға құштар.

*Сәбит Дүйсенбиев*

- Балалар неге қақпашы болғысы келмеді?

- Футбол жарысына кімді таңдады?
- Жарыста кім үздік қақпашы атанды?



**2-жаттығу.** Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жаз. Адамның атын тауып, астын сыз.

Доп, ойнады, балалар. Қақпашы, болды, Мұрат.



**3-жаттығу.** Өр доптың сипатын білдіретін сөздерді тап.



### Бас әріптен басталып жазылатын сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді оқы.



### Қараторғайдың ұясы

Бала күндеңідей көңілді.

– Сәлеметсіз бе, **Ержан** ағай! – деп амандасты. Ал ағай:

- Мұнда не істеп жүрсің? – деді.
- Жұқа тақтай іздел жүрмін, – деді **Берік**.
- Қайтесің ол жұқа тақтайды? – деді ағай.
- Сіз құстарға ұя жасауды тапсырғансыз, – деді.



– Оны мұндай жерден іздей ме екен?! Жүр менімен, – деп шеберханаға ертіп келді.

Берік ұяны екі күн жасады. Ағай оған риза болды.

*Айсұлу Еламанова*

- Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қой.
- Мәтіндегі негізгі ойды тап.
- Қарамен берілген сөздерге сұрақ қой. Олар неліктен бас әріппен жазылған?

Адамның аты-жөні бас әріптен басталып жазылады: *Досан, Әсем, Нұржанұлы*.

 **2-жаттығу.** Суреттер мен сөздерді сәйкестендіріп, әр құстың ұясын сипаттап айт.



қарлығаш

қараторғай



**3-жаттығу.** Өлеңді көшіріп жаз.

Жұлдыздай аққан із қалды,  
Ерлігін жау да қызғанды.  
Әлия, Мәншүк, Хиуаз –  
Қазақтың батыр қыздары.

Әділғазы Қайырбеков

- Бас әріптен басталып жазылған сөздердің астын сыз. Неліктен бас әріппен жазылғанын айт.

**Бас әріптен басталып  
жазылатын сөздер****1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.**Бурабай**

Нұрын төгіп көкте Күн,  
Арта түскен қуаты.  
Бурабай – ол Көкшенің  
Сусындайтын суаты.

Бір көрген жұрт тамсанып,  
«Қандай әсем, сұлу» дер.  
Жұмбақтас пен Оқжетпес –  
Аңыз болған ұлы жер.

Құл-Керім Елемес

- Өлең не туралы?
- Өлеңнен бас әріптен басталып жазылған сөздерді тап.

**Жер-су аттары бас әріптен басталып жазылады:** Алатая, Тараз, Жетісу, Семей, Іле.



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді қатесін түзеп, көшіріп жаз.

Бурабай – көркем өлке. Бұл өлкеде көлдер көп. Бурабай көлінің ортасында жұмбақтас бар.



**3-жаттығу.** Берілген буындардан өзен, көл аттарын құрастырып айт.



- Тағы қандай өзен, көл аттарын білесің?



### Бас әріптен басталып жазылатын сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

### Нұр-Сұлтан мен Алматы

Оңтүстікте біреуі,  
Солтүстікте біреуі.

Нұр-Сұлтан мен Алматы –  
Еліміздің тіреуі.

Екеуі – жер жаннаты,  
Екеуі – елдің қанаты.

Егіз туған баладай –  
Нұр-Сұлтан мен Алматы!

Серікбай Оспанұлы



**Жер жаннаты** – ең көрікті, жанға жайлыш жер.

- Өлеңде не туралы айтылған?
- Өлеңде аталған қалалар туралы білетінінді айт.



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, жер-су аттарын теріп жаз.

Жәнібек Нұр-Сұлтанда тұрады. Нұр-Сұлтан қаласы Есіл өзенінің бойында орналасқан. Ол демалыста Атырауға барды. Жайық өзені қаланы екіге бөліп тұр. Адамдар өзеннен көпір арқылы өтеді.

- Жер-су аттарының қалай жазылғанын айт.



**3-жаттығу.** Берілген сөздердің ішінен қала аттарын теріп айт.

қала

Тараз

ауыл

Семей

Қарағанды

Марғұлан

Іле

Ақтау

- Олар неліктен бас әріппен жазылған?



## Бас әріптен басталып жазылатын сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді оқы.

### Бәсіре

Алты жасар Аңсар атасымен қонаққа келді.

Дастарқан жайылып, қымыз құйылды. Аңсар мен Бекжан далаға ойнауға шықты. Бекжан жуас құнанды Аңсарға көрсетті.

– Мынау Қарақасқа құнан – менің бәсірем. Кел, мін, – деді.

– Мен бұрын атқа мініп көргенім жоқ, – деді Аңсар.

– Онда маған мінгесіп ал! – деді. Ол Қарақасқаны тасқа жақын әкелді. Беюжан Аңсарды құнанға мінгізді.

*Әдібай Табылды*



**Бәсіре** – үл балаға берілетін құлыш немесе бота.

**Құнан** – екі жасар жылқы.

- Мәтін не туралы?
- Аңсар қайда келді?
- Ол кіммен ойнады?
- «Бәсіре» дегенді қалай түсінесің?
- Мәтіннен сөйлем ішінде бас әріптен басталып жазылған сөздерді тап. Олар неліктен бас әріппен жазылған?

Үй хайуанаттары мен жануарларына қойылған аттар бас әріптен басталып жазылады:  
*Ақтөс, Мойнақ, Байшұбар.*



**2-жаттығу.** Жаңылтпашты тыңдал, көркем жаз.

*Айдар тай бақты.*

*Мойнақ қой бақты.*



**3-жаттығу.** Суретке қара. Жануарлардың аты қандай өріптен басталып жазылған?



Бұл – Құлагер.



Бұл – Сырттан.



Бұл – Аймүйіз.



### Заттың қимылын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Табиғат құбылыстары

Табиғатта әртүрлі өзгерістер болып тұрады. Күн мен тұн алмасады. Жаңбыр, қар, бұршақ жауады. Жел соғып, күн күркірейді. Найзағай жарқылдайды. Қар ериді. Су тасиды.

Өзендер мен көлдерге мұз қатады. Табиғаттағы мұндағы өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады.

«Дүниетану» анықтамалығынан

- Табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Табиғат құбылысына нелер жатады?



**2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып жаз.

Күн мен тұн ... . Жаңбыр, қар ... . Күн ... .  
Найзағай ... .

*Керекті сөздер:* күркірейді, жауады, алмасады, жарқылдайды.

- Жазған сөздеріңе сұрақ қой. Ол сөздер нені білдіреді?

Заттың қимылын білдіретін сөздерге **не істеді? не қылды? қайтті?** деген сұрақтар қойылады: ұшты, жүргізді, барды, оқыды.



**3-жаттығу.** Сөйлемдерді тиісті сөздермен толықтырып айт.



жаңғақ



тышқаннан



арыстаннан



## Заттың қимылын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Тақырыбы бойынша өлеңнің мазмұнын болжа. Өлеңді тында.

### Tay

Ертіп атам тауға барды,  
Таудан жатқан көрдім қарды.  
Таудың іші – қалың орман,  
Аң мен құсқа пана болған.

Таза ауа, мәлдір бұлақ,  
Тастан-тасқа аққан құлап.  
Тауда орман, тал мен қайын,  
Қызығасың көрген сайын.

Құдайберген Қазыбекұлы

- Тауға барып көрдің бе?
- Өлеңде тау қалай суреттелген?
- Тауда нелер бар?



**2-жаттығу.** Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.

Әдемі, тау, іші. Бұлақтар, ағады, сылдырап.  
Таудың, таза, ауасы, болады.

- Заттың атын білдіретін сөздер мен қимылын білдіретін сөздерді тап.
- Оларға сұрақ қой.



**3-жаттығу.** Суреттер мен сөздерді сәйкестендіріп


айт.



шанқылдайды



ұлиды



сайрайды



ақырады




75

## Заттың қимылын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы, мазмұнын айт.

### Ағаштар



Ағаштардың ауа тазартудан басқа да пайдалы өте көп. Олар көптеген құстар мен жәндіктерге қорек береді. Аң-құстарды ыстық күннен, қатты желден, жауыннан **қорғайды**. Олардың түбінде саңырауқұлақтар өседі.

Кейір ағаштар сұықтан қорықпайды. Қысыжазы жасыл қалпында **сақталады**. Сондай ағаштың бірі – шырша.

Ағаштардың көп өскен жерін орманды алқап дейді. Олар Жер бетінің көп бөлігін алып жатыр.

Хрестоматиядан

- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.
- Мәтінде қарамен берілген сөздерге сұрақ қой.



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қайың тез өседі. Одан үй жиһаздарын жасайды. Қабығынан дәрі дайындайды.

- Заттың қимылын білдіретін сөздерге сұрақ қой. Олардың байланысын тап.



**3-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып оқы. Шыққан сөздер туралы билетінінді айт.



e      y      a

ш...рш...

қ...р...ғ...й

...м...н

қ...й...н



### Заттың қимылын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Рөлге бөліп оқы.

**Жау, жау, жаңбыр!**

Тұнерген бұлт сұрланып,  
Құйды селді себелеп,

Жел қосылып, долданып,  
Болды нөсер керемет...

Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр!  
Жау, егіннің көгі өссін!  
Сұлудай бұраң құрақты,  
Айдын шалқар көл өссін!

*Бейімбет Майлін*



**Нөсер** – қатты жауатын өткінші жаңбыр.

- Жаңбыр жауарда ауа райы қалай өзгереді?
- Жаңбырдың қандай пайдасы бар?




**2-жаттығу.** Мәтінді қатесін түзеп жаз.

Бұлтыт ортасынан ыдырады. Ауа райы бұзылды. Күн гөзі бұлтқа енді. Жамбыр жауды.

- Қимылды білдіретін сөздерді тап.



**3-жаттығу.** Берілген сызба бойынша сөйлем құра.



**Заттың қимылын білдіретін сөздер**



**1-жаттығу.** Оқы. Мәтін бөліктерін орнына қой.

**Өкпелеген үлесінен құр қалады**

Атасы оған:

- Солай, балам... «Өкпелеген үлесінен құр қалады», – деді.

Қоян ата көжектеріне көп сәбіз әкелді. Бір-бірден бөліп берді. Ең кенжесі – сұр көжек:

– Маған қотыр сәбіз бердің, жемеймін, – деді.

Ал сәбізді басқа бір көжек бір-ақ асады. Сұр көжек аш қалды.

**Мұзафар Әлімбай**



**Ұлес** – тиесілі бөлік.

- Қоян ата көжектеріне не әкелді?
- Сұр көжектің ісі дұрыс болды ма?
- Өкпелеген ұлесінен құр қалады деп неліктен айтады?



**2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Атасы орманға ... . Сол жерден қоян ... .  
Немересі қоянды ... .



**3-жаттығу.** Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзбен сөйлем құра.



## Заттың қимылын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

### Жазғытұрым

Ой, балалар, балалар!

Жылды-жылды жел соқты,

Жылғалардан су акты.

Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті,  
 Жер қарайды, жаз кепті.  
 Желкілдейді көк майса,  
 Желіндейді мал жайса.  
 Ауыл көшті қыстаудан,  
 Әне, апамдар қой сауған.

*Ілияс Жансүгіров*



**Көк майса** – жасыл шалғынды шебі мол жер.

- Көктемде айнала қандай күйде болады?
- Бұл мәтін әңгіме ме әлде өлең бе?



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз. Заттың қи-  
 мылын білдіретін сөздердің астын сыз.

Мамыр айында құстар балапан шығарады.  
 Бұл кезде бір-екі күнге созылатын сұық болады.



**3-жаттығу.** Сурет бойынша осы мереке туралы айт.

### 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі





## Заттың қимылын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді рөлге бөліп оқындар.

### Инелік пен Тиін (Ертегі)

Тиін ағаш қуысындағы інінде отырған. Оның қасына бір Инелік ұшып келді.

Ол:

- Тиін, сен не істеп отырсың? – деді.
- Мыналарды кептіріп отырмын, – деді. Ол күнге жайып қойған саңырауқұлақтарын көрсетті.
- Оны қайтесің? – деді Инелік.
- Қыста жеймін. Бұл – менің қыстық азығым. Өзің де қысқа азық жинайтын шығарсың? – деді Тиін.
- Қыста мен ештеңе жемеймін. Бір қысқа кіріп алып ұйықтаймын.
- Ой, неткен ұйқышылсың! – деді Тиін.
- Бұл мәтін өлең бе әлде әңгіме ме?
- Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойындар.



**2-жаттығу.** Ребусты шеш.



- Шыққан сөзден сөйлем құра.



### 3-жаттығу. Көркем жаз.

*Біз бакта тиңді көрдік. Ол  
бізден қорықсан жоқ. Атама  
жыден үйреніп алған.*

- Қимылды білдіретін сөздерді тап.



### Заттың қимылын білдіретін сөздер



### 1-жаттығу. Суреттер бойынша мәтін құра.





**2-жаттығу.** 109-беттегі суреттердің ретімен жоспар құрып айт.

### Жоспар:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_



**3-жаттығу.** Сөйлемдерді тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз.

Қарлығаш пайдалы құс ол ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды



### Заттың сынын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Тақырыбы бойынша өлеңнің мазмұнын болжа. Өлеңді тында.

### Мұғалім

Мейірмен бізге қараған,  
Бір ағай келді қаладан.  
Сыйлайды оны бар бала,  
Сыйлайды оны әр адам.

Әр сөзі қандай жылы еді,  
Шуақты, ыстық жүрегі.  
Қашан ол жаттап үлгерген,  
Кітапты жатқа біледі.

Рақымжан Өтегенов

- Ақын мұғалімді қалай сипаттаған?
- *Шуақты, ыстық* сөздеріне сұрақ қой.

**Заттың сынын білдіретін сөздерге қандай? қай?** деген сұрақтар қойылады: үлкен, таза, биік.



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Мұғалім – мейірімді адам. Ол барлық баланы жақсы көреді. Бізге сапалы білім береді. Мұғалімді сыйлаймыз.

- Қандай? сұрағына жауап беретін сөздердің астын сыз.



**3-жаттығу.** Жаңылтпашты тыңдал, жатқа жаз.

Қол ұстас.

Бұл ұстаз –

Жас ұстаз.

*Ескен Елубай*



82

## Заттың сынын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Тігінші құс

Құйрығы ұзын кішкентай құстың ұя салуы ерекше. Ол екі үлкен жапырақты беттестіріп, жиегін тігіп шығады. Оның ішіне мамық төсейді.

Жапырақты тігу үшін жіпті пайдаланады. Жіпті мақтадан немесе өсімдік мамығынан иіреді. Осылайша ұя дайын болады. Тігінші құс Үндістанда мекендейді.

*«Қарлығаш» хрестоматиясынан*

- Кішкентай құс ұсын қалай салады?
- Ұя тігу үшін нені пайдаланады?

- Бұл құсты неліктен «тігінші құс» деп атайды?
- Тігінші құс қайда мекендейді?




**2-жаттығу.** Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрап жаз.

Ол – өте өнерлі адам. Менің анамның аты – Назгүл. Анам бізді ісмерлікке баулып келеді.

- Қандай? сұрағына жауап беретін сөзді тап.



**3-жаттығу.** Мензер бағытымен тігіншінің ережесін тауып жаз.



**4-жаттығу.** Көйлектің сынын білдіретін сөздерді тауып айт.

...

...

...

...



## Заттың сынын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Обсерватория



Обсерватория – зерттеу жұмыстарын жүргізетін мекеме. Ол биік тауларда, жазықтарда орнатылады. Одан тұнгі аспанды тамашалауға болады.

Аспан әлемі ерекше. Мындаған жұлдыздың әрқайсысының өз құпиясы бар. Олардың құпиясын зерттейтін ғалымды «астроном» деп атайды.

«Ақ желкен» журналынан

- Мәтін не туралы?
- Обсерватория деген не?
- Ол туралы не білесін?

**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Ашық аспан өлемін түнде бақылаған дұрыс.  
Сонда жұлдыздар анық көрінеді.

- Заттың сынын білдіретін сөзді тауып, сұрақ қой.
- Оның қай сөзben байланысып тұрғанын тап.

**3-жаттығу.** Суреттегі заттың сынын білдіретін сөздерді айт.**Заттың сынын білдіретін сөздер****1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.**Әбілхан Қастеев**

Әбілхан бала жасынан сурет салуға құмар болды. Табиғат көріністері оған қатты әсер ететін. Көргендерін өр нәрсеге ұқсататын.

Бала қой бағып жүріп қарап отырмады. Тас қашап, түрлі мүсіндер жасады. Біреуі қойға, біреуі жылқыға ұқсайды. Қолы епті екен. Жасаған бүйімдары жүрттың көзін қызықтырады.

Түймебай ұста баланың шеберлігін таныды. «Сенен түбінде бірдене шығады» деп арқасынан қақты. Бала бұған қатты қуанды.

*Aхат Жақсыбаев*



**Мұсін** – тастан, ағаштан ойып жасалған бейне.

- Әбілхан Қастеев кім деп ойлайсың?
- Ол жастайынан неге әуес болды?
- Қой бағып жүріп не істеді?




**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз. Заттың сыйнын білдіретін сөзді тап.

Әбілхан Қастеев – танымал суретші. Алматыда Әбілхан Қастеев атында мұражай бар.



**3-жаттығу.** Өлия мен Әділ сурет салды. Олар қандай тақырыпқа сурет салды деп ойлайсың?



### Заттың сыйнын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

### Аспаз

Ақ қалпағы басында,  
Үістық оттың қасында.

Бір тамақты пісіріп,  
Бір тамақты түсіріп,  
Апам ылғи жүреді,  
Жайрандайды, күледі.

Түрін біліп тағамның,  
Жолын қып апамның,  
Үлкен болып өскенде,  
Мен де аспаз боламын.


Мылтықбай Ерімбетов

- Өлең не туралы?
- Аспаз болу ұнай ма? Ал сен өскенде кім болғың келеді?
- Өлеңнен заттың сынын білдіретін сөздерді тап.

 **2-жаттығу.** Сөйлемдерді көркем жаз.

*Тамақты он қалыңмен же.  
Асқа үлкендерден бұрын қол  
созда. Нандың дір қалың үзбей.*

 **3-жаттығу.** Сөзжұмбақты дұрыс шешсөң, бір мамандық иесінің атауы шығады.





**4-жаттығу.** Жаңылтпашты тыңда. Жаттап ал.

– Мынау балқаймақ –  
Қай балқаймақ?  
– Бұл балқаймақ –  
Май балқаймақ.



**Балқаймақ** – қаймаққа қант, бал, үн қосылып қайнатылған тәтті тағам.



86

## Заттың сыйнын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Біздің көшедегі мәшинелер

Біз билетін көлік түрі сан алуан. Солардың бірі – «Жедел жәрдем». Онда дәрігер, мейірбике болады.

Тағы бір мәшинені ешкім тоқтатпайды. Бірақ бұл көлікті бірден танисың. Өртсөндіргіш мәшинелер от сияқты қызыл. Мұнда өртсөндірушілер отырады.

Бұл мәшинелер тез жүреді. Себебі оларға өртті тездетіп сөндіру керек.

Біздің көшеде мәшинелер өте көп. Әрқайсының өз ісі бар.

«Балдырган» журналынан

- Мәтінде қандай көліктер туралы айтылған?
- «Жедел жәрдем», өртсөндіргіш мәшинелер не үшін керек?

- Адам өміріне аса қажет тағы қандай көлік түрлерін білесің? Өз ойынды айт.



**2-жаттығу.** Жұмбақты көшіріп жаз. Шешуін тап.

Бүгін киген ақ тоны,  
Ертең болар қара тон.  
Қара тоны аздан соң,  
Болып кетер ала тон.



- Заттың түсін білдіретін сөздерді тап. Сұрақ қой.



**3-жаттығу.** Берілген белгілері бойынша не екенін тауып жаз.

Әдемі, түрлі түсті – ... .  
Сақ, қорқақ, тез жүгіреді – ... .  
Тәтті, қызыл – ... .



### Заттың сынын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

#### Мен дәрігер боламын

Ақ халатты киемін,  
Аппақ болып жүремін.  
Аппақ болып жүргенді,  
Өзім жақсы көремін.

Дәрігермін мен деймін,  
Кәрі әжемді емдеймін.  
Көп-көп ішіп дәріні,  
Көрілікті жең деймін.



Өтебай Тұрманжанов

- Дәрігер деп кімді айтады?
- Дәрігер не істейді?
- Өлеңнің алғашқы шумағын көшіріп жаз. Қандай? сұрағына жауап беретін сөздердің астын сыз.

 **2-жаттығу.** «Мен дәрігер боламын» өлеңінің мазмұнына сай келетін мақалды тауып жаз.

**Өнерлі бала сүйкімді.**

**Ағаш көркі – жапырақ.**

**Ауырып ем іздегенше,  
Ауырмайтын жол ізде.**

 **3-жаттығу.** Берілген суреттердің ішінен дәрігер қолданатын заттарды ата.



### Заттың сынын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді мәнерлеп оқы.

### Орманшының баласы

Орманшының баласы бір шыбықты сындыр-мақшы болады. Сол кезде ол ағаштардың әңгімесін естиді.

Ақ қайың айтыпты:

– Мен өскенде бесік боламын. Кішкентай бөбекті тербетемін.

**Теректің жас шыбығы:**

– Мен өскенде ойыншық боламын. Балаларды ойнатамын, – дейді.

**Қарағай:**

- Мен үлкен үй боламын, – депті шаттана.
- Ал мен кім болам? – депті сонда бала.
- Сен ағаш шебері бол, – депті оған ағаштар.
- Жарайды, – деп шыбықтарды сындырмапты.

Сол бала өскенде ағаш шебері болыпты.

*Мәлике Әбдірашева*



**Бебек** – бір жасқа дейінгі бала.

- Мәтін кім туралы?
- Бала жас шыбықты неліктен сындырмады?
- Баланың ағаш шебері болуына не себеп болды?
- Ағаштардан қандай бұйымдар жасайды?
- Мәтіндегі заттың сынын білдіретін сөздерді тап.

Оларға сұрақ қой.



**2-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жаз. Қандай? сұрағына жауап беретін сөздердің астын сыз.

Шебер – өнерлі, ұста, ісмер адам. Ағаш шебері ағаштан түрлі бұйымдар жасайды. Олар берік әрі жеңіл болады.



**3-жаттығу.** Жаңылтпашты тыңда. Жаттап ал.

Ұқсан ұста – ұстаз ұста,  
Үш ұстага ұстаз ұста.

**Диктант****Заттың санын  
білдіретін сөздер**

**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

**Қанша жаңғақ?**

Сөмкемде менің әуелде  
Он үш жаңғақ бар еді.  
Науат пенен Маратқа,  
Самат пенен Сағатқа.  
Апасына Қанаттың  
Екі-екіден тараптым.  
Қанша жаңғақ қалғанын  
Айта қойшы ал, бәрін!

*Сұлтан Қалиұлы*

- Өлең не туралы?
- Өлеңдегі сұраққа жауап бер.
- Өлеңнен *неше?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап.



**2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Біздің сыныпта ... оқушы бар. Сыныпта ...  
парта тұр. Әр партада ... бала отырады.

- Жазған сөздеріңе сұрақ қой.

**Заттың санын білдіретін сөздерге қанша? неше? нешінші?** деген сұрақтар қойылады: *бес, жеті, он, жиырма, елуінші.*



**3-жаттығу.** Жаңылтпашты тыңдал, сан есімдерді тап.

Үш кіші ішік піштім,  
Бес кіші ішік піштім,  
Неше кіші ішік піштім?



### Заттың санын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Тақырыбы бойынша мәтін мазмұнын болжа. Мәтінді тыңда.

### Төрт тоқсан



Түркі халықтарында жылды төрт тоқсанға бөледі. Олар: қыс тоқсан, жаз тоқсан, шілде тоқсан, күз тоқсан. Мұны жылдың төрт мезгілі дейді. Әр тоқсанда үш ай немесе тоқсан күн болады. Тоқсан деген сөз осыдан шыққан.

«Жеті қазына» жинағынан

- Мәтін неліктен «Төрт тоқсан» деп аталған?
- Әр тоқсан жыл мезгілі бойынша қалай аталады?
- Мәтіннен *неше?* *қанша?* сұрақтарына жауап беретін сөздерді тап.

**2-жаттығу.** Сұрақтарға жауап жаз.

1. Атың кім?
  2. Неше жастасың?
  3. Нешінші сыныпта оқисың?
- Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын сыз.

**3-жаттығу.** Ребустарды шеш. Шешуіндегі сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.**Заттың санын білдіретін сөздер****1-жаттығу.** Санамақты түсініп оқы.**Санамақ**

Бір дегенім – білім,  
 Екі дегенім – еңбек.  
 Үш дегенім – үміт,  
 Төрт дегенім – тәзім.  
 Бес дегенім – берік,  
 Алты дегенім – ақыл.

Жеті дегенім – жеңіс,  
 Сегіз дегенім – сенім.  
 Тоғыз дегенім – тоқу,  
 Он дегенім – оқу.  
 Қажет емес қорқу,  
 Білгенінді, балам,  
 Көніліңе тоқу.

*Нұрлан Қалқа*

- Санамақ мазмұнын өзара талқыландар.
- Өлеңнің соңғы екі жолын көшіріп жаз.



**2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

Бір аптада ... күн бар. Дүйсенбі – аптаның ... күні. Сейсенбі күні ... сабақ болады.

*Керекті сөздер:* төрт, жеті, бірінші.



**3-жаттығу.** Торкөздерде берілген әріптерден апта күндерінің аттарын тап.

Е	М	С	Д	І	Ү	Й	О	Д
С	Е	Й	С	Е	Н	Б	І	Ү
С	Ә	Р	С	Е	Н	Б	І	Й
Е	К	Л	О	Н	М	П	З	С
Е	С	Е	Н	Б	І	Р	Қ	Е
Ж	Ұ	М	А	Қ	А	І	Ұ	Н
Б	Е	Й	С	Е	Н	Б	І	Б
Ж	Е	К	С	Е	Н	Б	І	І



## Заттың санын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.

### Қанша аң?

Ормандағы андар жүгіруден жарыс өткізді. Жарысқа қатысқандардың екеуінен басқасы – тұлқі. Екеуінен басқасы – кірпі. Екеуінен басқасы – қоян.

**Жарысқа қанша аң қатысты?**

- Ормандағы андар қандай жарыс өткізді?
- Жарысқа тағы қандай андар қатысты деп ойлайсың?
- Мәтіндегі сұраққа жауап бер.
- Бұл мәтін ертегі ме әлде әңгіме ме?



**2-жаттығу.** Жаңылтпашты тыңдал, жатқа жаз.

Ұшқыш жақсы ма?

Үш құс жақсы ма?

- Қанша? неше? сұрақтарына жауап беретін сөздің астын сыйз.
- Заттың санын білдіретін сөздер не үшін керек?
- Жаңылтпашты тез-тез, жаңылмай айт.



**3-жаттығу.** Берілген сөздердің соңына кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздер тауып жаз.

Алты, жеті, сегіз, оныншы, бесінші.



## Заттың санын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді түсініп оқы.



Жақсылық Үшкемпіров, Дәulet Тұрлыханов, Ақжүрек Таңатаров – атақты палуандар.

Күрес – қазақ халқының ұлттық спорт ойындарының бірі.

Күрес адамның денесін шындаиды. Күшін арттырып, өсіп-жетілуіне мүмкіндік жасайды. Сонымен қоса оларды батыл, ержүрек, табанды болуға дағдыландырады.

*Айыл Нұсілпоқасұлы*

- Мәтін бөліктерін орнына қой.
- Мәтінге ат қой.
- Саған күрес ұнай ма? Өз ойынды айт.



**2-жаттығу.** Жұмбақты көшіріп жаз. Шешуін тап.

Екі мықты «мен» дескен,  
Бір-бірімен белдескен.

--	--	--	--	--	--

- Заттың санын білдіретін сөзді тап. Қай сөзben байланысып тұрғанын көрсет.

 **3-жаттығу.** Суретке қара. Қандай сандарды көріп тұрғанынды айт.



- Осы сандарды қатыстырып, сөйлем құрап жаз.



## Заттың санын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

### Үш бала

Бір ауылда үш бала,  
Олар құрдас, үш жаста.  
Бірақ, бірақ олардың  
Қылыштары үш басқа.  
Бірінші – шыңқ етпе,  
Тиіп кетсөң жылайды.  
Екінші – бір қыңыр,  
Ақыл айтсаң тулады.  
Үшінші – елгезек,  
Бәрімізге ұнайды.

*Нұрхан Жанаев*  
127

- Өлеңде не туралы айтылған?
- Өлеңдегі балалар туралы өз ойынды айт.



**2-жаттығу.** Мақалды көркем жаз.

*Бірінши / байлық – деңсаудың.*

- Нешінші? сұрағына жауап беретін сөзді тап.



**3-жаттығу.** Көп нүктенің орнына суреттерді қойып, сұрақтарға жауап бер.

Мағжанда қанша ... бар?



Тауықтың неше ... бар?



Торда неше ... отыр?



## 96 Заттың санын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Мәтінді оқы.

### Көкек

Көкек алма бағына қонды. Күні бойы көкектеді.  
Бір мезгілде оның жанына Кептер ұшып келді.  
– Күні бойы көкектедің. Неге өзінді сонша қинаадың?

– Сен немене!.. Есің дұрыс па өзіңнің?! – деп сөкті Көкек.

– Қатты ашуландың ғой. Саған жаным ашып келіп едім, – деді Кептер.

– Мені бұдан былай Көкек деп атама!

– Енді не дейміз?

– Мен Бұлбұлмын! Тамылжыған әнімді тың-  
дасаңдаршы!

Бірақ ол қанша тырысса да, Бұлбұл бола ал-  
мады.

*Мұхаметжан Етекбаев*

- Көкек не істеді?
- Көкек пен Кептердің сөздерін рөлге бөліп оқы.
- Көкектің ісі дүрыс па, қалай ойлайсың?



**2-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

Бір қолда ... саусақ бар. Біз ... сыныпта оқимыз.  
Мен ... партада отырамын.

- Жазған сөздеріңе сұрақ қой.



**3-жаттығу.** Ойлан, тап.

Аулада бес үйрек,  
Қорада үш үйрек.  
Бір үйрек тығылды,  
Бір үйрек жығылды,  
Қалғаны неше үйрек?

97



### Заттың санын білдіретін сөздер



**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқы.

#### Он саусақ

Бес саусақ оң қолда,  
Бес саусақ сол қолда.  
Тілектес болғанда –  
Айналар қорғанға!

Бес саусақ оң қолда,  
Бес саусақ сол қолда.  
Не жетсін бірігіп,  
Тілектес болғанға!

*Серікбай Оспанұлы*

- Өлең не туралы?
- Өлеңнен сан есімдерді тап.



**2-жаттығу.** Сөздерді берілген үлгі бойынша жаз.

Екі дос, төрт оқушы, бесінші қатар, алты дәптер, бірінші сынып, тоғыз өшіргіш, оныншы қабат, үшінші апта.

Үлгі:      **неше?**  
                екі дос

**нешінші?**  
                бесінші қатар



**3-жаттығу.** Жақшаның ішіндегі сандарды жақшадан шығарып, сөзбен жаз.

Айдардың қояны көжектеді. Ол досына (3) көжек берді. Көршісі Алтынай (1) көжек сұрап алды. Айдардың өзінде (3) көжек қалды. Барлығы неше көжек?

- Заттың санын білдіретін сөздерге сұрақ қой.



### Сөйлеу әдебі



**1-жаттығу.** Мәтінді оқы.

### Кім ақылды?

Ерден мен Еркебұлан бірігіп, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде көпір үстінде біріне-бірі қарсы келіп қалды.

Ерден:

– Мен саған жол бермеймін! – деп тұрып алды.

Ал Еркебұлан:

– Мен осыған бола ерекескім келмейді. Бұдан былай сенімен ойнамаймын, – деді. Сөйтіп үйіне қарай жүре берді.

Сонда екеуінің қайсысы тапқыр, ақылды болғаны?

*Мәдіхат Төрежанов*

- Ерден мен Еркебұланның қайсысының ісі дұрыс?
- Әдепті бала қандай болу керек деп ойлайсың?
- Автор бізге не айтқысы келді?
- Осындай жағдайда бір-бірінә жол бересіндер ме?



**2-жаттығу.** Көшіріп жаз.

Рұқсат етіңіз, ренжіменізші, мақұл, қалауыңыз білсін.



**3-жаттығу.** Сөздер қоржынынан ізеттілікті білдіретін сөздерді ізде.

*ракмет  
оқасы жок*



*айып етпеніз  
кешіріңіз*

- Исеттілікті білдіретін сөздердің біреуін қатыстырып, сөйлем құрап жаз.



## Сөйлеу әдебі



**1-жаттығу.** Өлеңді тында.

### Құттықтаймын, ана, туған күніңмен!

Нұрын төккен маған  
Шуағымсың сен!  
Айналайын ана,  
Қуанышыңмен!

Шаттандырған мені,  
Жұбанышым сен!  
Құттықтаймын сені  
Туған күніңмен!

*Мұқағали Мақатаев*

- Өлеңді бәрің қосылып, әндептіп айттыңдар.
- Ақын анасының туған күнінде тілегін өлеңмен білдірген. Сен де тілегінді өлеңмен жеткізіп көр.



Құттықтау өлеңмен де, қара сөзben де айтыла береді.



**2-жаттығу.** Анаңың немесе досыңың туған күніне құттықтау хат жазып көр.

*Үлгі:*

Анашым, сізді туған күніңізбен құттықтаймын! Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір тілеймін.

*Тілек білдіруші қызыңыз Дина*



**3-жаттығу.** Ашықхаттарды кімге жолдайтыныңды сәйкестендір.



**Тоқсандық жынтық бағалау**



**Қайталау сабағы**



**1-жаттығу.** Мақалды көркем жаз.

*Тұған жер – атын десік.*

- Мақалдың мағынасын түсіндір.



**2-жаттығу.** Жұмбақтарды оқы, шешуін айт.

1. Қос құлақты, жүз тісті,  
Жүзінен бір-ақ із түсті.



--	--	--


2. Еңбегі бапты,  
Емгені тәтті.  
Өмірлік нәрін  
Гүлдерден тапты.



- Жұмбақтардың шешуіндегі сөздердің мағынасын түсіндір.



**3-жаттығу.** Сызба бойынша тиісті сөздерді айт.



### Қайталау сабагы



**1-жаттығу.** Заттың сынын білдіретін сөздерді оқы. Оларды мағыналарына қарай топтап жаз.

Үлкен, сопақ, тәтті, қоңыр, кең, ұзын, домалақ, қышқыл, жасыл, кішкентай.

Үлгі: Түсі: ак, ...

Пішіні: сүйір, ...


Дәмі: абы, ...

Көлемі: үлкен, ...



## 2-жаттығу. Жұмбақты көшіріп жазып, шешуін тап.

Су бетін сзызып,  
Ақ құман жүр жүзіп.



- Заттың атын білдіретін сөздерді тап.



## 3-жаттығу. Өлеңді жатқа айт.

Лашын көкте самғайды,  
Қанша ұшса да талмайды.




## Лашын – жыртқыш құс.

- Заттың қимылын білдіретін сөздерді тап.



## 4-жаттығу. Сурет бойынша мәтін құра.



- Өзің жазғы демалыста қайда барасың?
- Демалыс кезінде немен айналысадың?

## Оқулықтағы қыын сөздердің түсіндірмे сөздігі

### А

абырой – бедел, атақ, даңқ  
ағайын – туыс, туысқан  
айлакер – айла тапқыш, қу  
айыпкер – кінәлі адам  
алмас – бұл жерде: әйнек кесетін құрал  
арғымақ – асылтұқымды жылқы  
асқар тау – зәулім, биік тау  
асу – тау жотасының өтуге қолайлы аласа жері  
аялау – мәпелеп өсіру, тәрбиелеу, әлпештеу

### Ә

әдел – ізет, тәртіп

### Б

бақ – бақыт  
бекет – бұл жерде: метро пойызы тоқтайтын аялдама  
бозторғай – жазық даланы мекендейтін кішкентай  
құс

### Ғ

ғажап – тамаша, керемет

### Е

Елтаңба – мемлекеттік рәміз  
епті – икемді, бейім

### Ж

жота – бұл жерде: арқа жон, ту сырт  
жұтаған – азайған, таусылған

**жүрексіну – қорқу**

**жылға – қар, жаңбыр сұзы ағатын ойпаң жер**

### **З**

**заулай жөнелді – жүйткіді, зымырады**

### **И**

**ие – иеленуші**

### **К**

**келбет – түр, түс**

**кенет – күтпеген жерден, жедел, шұғыл**

**күлте – ботаның сусылдаған жүні**

### **Қ**

**қамқор – қолдау, қорған болу**

**қүйын – үйтқып соғатын қатты жел**

**құндыз – өзен-көлді мекендейтін терісі бағалы аң**

**құрмет – қадір, қасиет, сый**

**құт-береке – байлық, ырыс, молшылық**

**қырағы – тез байқайтын, көреген, өте сақ**

### **М**

**мамық – құстың жүні**

**марқа – алты айлық төл**

**мейірімді – қайырымды, мейірбан**

**метро – ірі қалаларда жер астында жүретін электр  
пойызы**

**момын – момақан, жуас**

**мұлде – біржолата, үзілді-кесілді**

### **Н**

**наурызек – наурыз айында келетін көктем құсы**

нәр – қорек

нысан – белгілі бір құрылыш орны

## О

орайын табу – ретін, қисынын келтіру

## Ә

өлке – аймақ, өнір

өрмек – өрмекшінің торы

өрнек – оюолы бедер, әшекей

## П

пейіл – ниет, ықылас

пішін – заттың сыртқы түрі, бітімі

## Р

риза болу – сүйсіну

## С

сәби – жас нәресте, бебек

сергек – женіл, ширақ

соқпақ – адам жүріп, әбден тапталған жалғызаяқ  
жол

суат – бұл жерде: өзен-көлдің бастау көзі

сынақ – бұл жерде: кедергі

## Т

талқы – бұл жерде: сынау

талпыну – талаптану, алға ұмтылу

тәлім – үлгі, өнеге, тәрбие

тарих – халықтың өсу, даму жолы

tosқауыл – кедергі, бөгет

**т**өл – малдың жаңа туған құлышы, ботасы, қозысы, лағы

тірек – сүйеніш, таяныш

## Ұ

ұғымпаз – ұғымтал, зерек, алғыр

ұлан – жасөспірім, жеткіншек

## Ш

шәже – тауықтың балапаны

шуақ – Құн сәулесі, жылы құн

шұнақ – бұл жерде: құлағының ұшы кесілген лақ

## І

ізетті – әдепті, ибалы

ісмер – қолынан іс келетін шебер, өнерлі, ұста

ішік – сырты матамен тысталып, теріден тігілген

ұлттық киім

## МАЗМҰНЫ

<b>Қымбатты оқушы!</b>	3
<b>Тіл және сөйлеу</b>	4
1-сабақ. Сөйлеу не үшін қажет?	5
2-сабақ. Сөйлеу не үшін қажет?	6
<b>Дыбыс және әріп</b>	8
3-сабақ. Дыбыстар мен әріптер	9
4-сабақ. Дыбыстар мен әріптер	10
5-сабақ. Дыбыстар мен әріптер	11
6-сабақ. Дауысты және дауыссыз дыбыстар	12
7-сабақ. Дауысты және дауыссыз дыбыстар	13
8-сабақ. Дауысты және дауыссыз дыбыстар	15
9-сабақ. Дауысты және дауыссыз дыбыстар	16
10-сабақ. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар	17
11-сабақ. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар	18
12-сабақ. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар	20
13-сабақ. Жуан және жіңішке айтылатын сөздер	21
14-сабақ. Жуан және жіңішке айтылатын сөздер	22
15-сабақ. Жуан және жіңішке айтылатын сөздер	24
16-сабақ. Жуан және жіңішке жұп дауыстылар	25
17-сабақ. Жуан және жіңішке жұп дауыстылар	27
18-сабақ. Жуан және жіңішке жұп дауыстылар	28
19-сабақ. Диктант	29
<b>Буын және тасымал</b>	30
20-сабақ. Буын	31
21-сабақ. Буын	32
22-сабақ. Буын	34
23-сабақ. Буын	35
24-сабақ. Буын	36

25-сабақ. Тасымал.....	38
26-сабақ. Тасымал.....	39
27-сабақ. Тасымал.....	40
28-сабақ. Тасымал.....	41
29-сабақ. Тасымал.....	43
30-сабақ. Әліпби .....	44
31-сабақ. Әліпби .....	46
32-сабақ. Әліпби .....	47
33-сабақ. Әліпби .....	49
34-сабақ. Сөйлеу әдебі .....	50
35-сабақ. Сөйлеу әдебі .....	51
36-сабақ. Қайталау сабағы .....	53
 <b>Мәтін және сөйлем.....</b>	 54
37-сабақ. Мәтін .....	55
38-сабақ. Мәтін .....	56
39-сабақ. Мәтін .....	57
40-сабақ. Мәтін .....	58
41-сабақ. Мәтін .....	60
42-сабақ. Мәтін .....	61
43-сабақ. Сөйлем .....	62
44-сабақ. Сөйлем .....	64
45-сабақ. Сөйлем .....	65
46-сабақ. Сөйлем .....	66
47-сабақ. Сөйлем .....	67
48-сабақ. Сөйлем .....	68
49-сабақ. Сөйлемдегі сөздердің байланысы .....	69
50-сабақ. Сөйлемдегі сөздердің байланысы .....	71
51-сабақ. Сөйлемдегі сөздердің байланысы .....	72
52-сабақ. Тоқсандық жиынтық бағалау .....	73
53-сабақ. Мазмұндама .....	73
54-сабақ. Қайталау сабағы .....	73

<b>Сөз және оның мағынасы .....</b>	<b>75</b>
55-сабақ. Сөз және оның мағынасы .....	76
56-сабақ. Сөз және оның мағынасы .....	77
57-сабақ. Сөз және оның мағынасы .....	79
58-сабақ. Сөз және оның мағынасы .....	80
59-сабақ. Сөз және оның мағынасы .....	81
60-сабақ. Сөз және оның мағынасы .....	82
61-сабақ. Заттың атын білдіретін сөздер.....	83
62-сабақ. Заттың атын білдіретін сөздер.....	84
63-сабақ. Заттың атын білдіретін сөздер.....	86
64-сабақ. Заттың атын білдіретін сөздер.....	88
65-сабақ. Заттың атын білдіретін сөздер.....	89
66-сабақ. Заттың атын білдіретін сөздер.....	90
67-сабақ. Мазмұндама.....	92
68-сабақ. Бас әріптен басталып жазылатын сөздер ..	93
69-сабақ. Бас әріптен басталып жазылатын сөздер ..	94
70-сабақ. Бас әріптен басталып жазылатын сөздер ..	96
71-сабақ. Бас әріптен басталып жазылатын сөздер ..	97
72-сабақ. Бас әріптен басталып жазылатын сөздер ..	98
73-сабақ. Заттың қимылын білдіретін сөздер .....	100
74-сабақ. Заттың қимылын білдіретін сөздер .....	102
75-сабақ. Заттың қимылын білдіретін сөздер .....	103
76-сабақ. Заттың қимылын білдіретін сөздер .....	104
77-сабақ. Заттың қимылын білдіретін сөздер .....	105
78-сабақ. Заттың қимылын білдіретін сөздер .....	106
79-сабақ. Заттың қимылын білдіретін сөздер .....	108
80-сабақ. Заттың қимылын білдіретін сөздер .....	109
81-сабақ. Заттың сынын білдіретін сөздер.....	110
82-сабақ. Заттың сынын білдіретін сөздер.....	111
83-сабақ. Заттың сынын білдіретін сөздер.....	113
84-сабақ. Заттың сынын білдіретін сөздер.....	114
85-сабақ. Заттың сынын білдіретін сөздер.....	115

86-сабақ. Заттың сынын білдіретін сөздер.....	117
87-сабақ. Заттың сынын білдіретін сөздер.....	118
88-сабақ. Заттың сынын білдіретін сөздер.....	119
89-сабақ. Диктант .....	121
90-сабақ. Заттың санын білдіретін сөздер .....	121
91-сабақ. Заттың санын білдіретін сөздер .....	122
92-сабақ. Заттың санын білдіретін сөздер .....	123
93-сабақ. Заттың санын білдіретін сөздер .....	125
94-сабақ. Заттың санын білдіретін сөздер .....	126
95-сабақ. Заттың санын білдіретін сөздер .....	127
96-сабақ. Заттың санын білдіретін сөздер .....	128
97-сабақ. Заттың санын білдіретін сөздер .....	129
98-сабақ. Сөйлеу әдебі .....	130
99-сабақ. Сөйлеу әдебі .....	132
100-сабақ. Тоқсандық жыныстық бағалау.....	133
101-сабақ. Қайталай сабағы .....	133
102-сабақ. Қайталай сабағы .....	134
Оқулықтағы қызын сөздердің түсіндірме сөздігі.....	136

Оқу басылымы

**Уайсова Гүлнар Инаматқызы  
Сәдуақас Гүлбану Теміриязқызы  
Бесірова Айкүміс Сайлауханқызы**

**АНА ТІЛІ**

Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *P. Райбаева*  
Суретшісі *B. Ералиева*  
Көркемдеуші редакторлары *A. Айдархан, A. Лукманов*  
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*  
Корректоры *E. Амангелді*  
Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева*

ИБ №079

Теруге 31.03.2021 берілді. Басуға 31.08.2021 қол қойылды. Пішімі 70x100 1/<sub>16</sub>.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыш. «Arial» қаріп түрі. Шартты баспа табагы 11,7.  
Есептік баспа табагы 9,65. Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс № 6147..

«Атамұра» корпорациясы ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан дарыны, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002,  
Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

